

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

УМИРЗАКОВА АЯКОЗ МАЛИКОВНА

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қалдықтармен
жұмыс істеу саласындағы қызметінің ерекшеліктері

7М12303 «Құқық қорғау қызметі» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін
алуға диссертация

Ғылыми жетекші:

ҚР Бас прокуратурасы жанындағы

Құқық қорғау органдары академиясының

Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу

институты Зерттеулерді үйлестіру және құқық

қорғау жүйесі проблемаларын зерделеу

орталығының бас ғылыми қызметкері,

С.Д. Бекишева, заң ғылымдарының докторы,

доцент, әділет аға кеңесшісі

Қосшы қ., 2024 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Осы диссертациялық зерттеуде автор тұтыну және өндірістік қалдықтары саласында құқық қорғау органдарының қызметін зерделеп және ықтимал проблемаларды анықтауға тырысады. Зерттеу нәтижелері бойынша құқық қорғау органдарының қызметін және оларға ден қою құралдарын жетілдіру шеңберінде ден қоюдың әкімшілік-құқықтық тетіктерін жетілдіру жолдарын ұсынынады. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары қызметінің әкімшілік-құқықтық аспектілері ретінде әкімшілік заңнама талаптарын жетілдіруді ұсынады. Бұдан басқа, автор қалдықтардың айналымы саласын реттеудің тиімді жолдары ретінде ҚР-ның басқа салаларын реттейтін заңнамаларға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар келтіреді.

РЕЗЮМЕ

В данном диссертационном исследовании автор изучает деятельность правоохранительных органов в области отходов потребления и производственных отходов, пытается выявить возможные проблемы. По результатам исследования предлагает пути совершенствования административно-правовых механизмов реагирования в рамках совершенствования деятельности правоохранительных органов и рычагов реагирования на них. Кроме того, в качестве административно-правовых аспектов деятельности правоохранительных органов предлагается совершенствование требований административного законодательства. Кроме того, автор предлагает о внесении изменений в законодательство, регулирующие другие отрасли РК, как пути эффективного регулирования сферы обращения отходов.

SUMMARY

In this dissertation study, the author examines the activities of law enforcement agencies in the field of consumer and industrial waste, and tries to identify possible problems. Based on the results of the study, he suggests ways to improve administrative and legal response mechanisms within the framework of improving the activities of law enforcement agencies and the levers of responding to them. In addition, the improvement of the norms of the Code of Administrative Offences is proposed as an administrative and legal aspect of the activities of law enforcement agencies. Along with this, the author puts forward proposals to improve other regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan as effective ways to regulate the sphere of waste management.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4 бет.
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5 бет.
КІРІСПЕ.....	6-11 бет.
1. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ АЙНАЛЫМЫ	
1.1. Қазақстанда қалдықтармен жұмыс істеуді құқықтық реттеу.....	12-20 бет.
1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қалдықтардың түсінігі және жіктелуі.....	20-25 бет.
1.3.Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік басқару....	25-30 бет.
2. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ	
2.1. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етудегі прокуратура органдарының рөлі мен маңызы.....	31-39 бет.
2.2. Ішкі істер органдары мен өзге де құқық қорғау органдарының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметінің ерекшеліктері.....	39-44 бет.
2.3. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге құқық қорғау органдарының қатысуының шетелдік тәжірибесі.....	45-51 бет.
ҚОРЫТЫНДЫ.....	52-55 бет.
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	56-61 бет.
ҚОСЫМШАЛАР.....	62-63 бет.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

1. «Қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған полигондарды орналастыру мен ұстаудың № 3.01.016.97 санитариялық қағидалары» (Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен 1997 жылғы 29 сәуірдегі бекітілген)». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1044426;
2. «Қатты тұрмыстық қалдықтардың морфологиялық құрамын анықтау әдістемесі» (Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй –коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2012 жылғы 10 ақпандағы №4 бұйрығымен бекітілген)». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31255570#activate_doc=2;
3. «Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39322448#activate_doc=2;
4. «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34865134#activate_doc=2
5. «Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығы.». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33608283#activate_doc=2.
6. «Өртүрлі сыныптағы полигондарда көму үшін қалдықтар түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 361 бұйрығы». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34576708#activate_doc=2
7. Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 373 бұйрығы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34052711#activate_doc=2
8. Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34423605#activate_doc=2;
9. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577>

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы диссертацияда мынадай белгілер мен қысқартулар қолданылады:

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ӘҚБтК	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі
ҚТҚ	Қатты тұрмыстық қалдықтар
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ОА	Орталық Азия
ӨКМ	Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 5-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде табиғи экологиялық жүйелердің сақталуына және олардың орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, судың үнемделуіне, энергияның үнемделуіне және энергияның тиімділігін арттыруға, жаңартылмайтын энергия және шикізат ресурстарын тұтынудың қысқартылуына, жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына, қалдықтардың түзілуін барынша азайтуға, сондай-ақ олардың қайталама ресурстар ретінде пайдаланылуына басымдық беріледі.

Кодекстің 10-бабының 1-бөлігінің 3)тармағына сәйкес қоршаған ортаға антропогендік әсер ету деп адам қызметінің қоршаған ортаға қалдықтарды көму, оларды жер бетінде заңсыз орналастыру немесе олардың су объектілеріне түсуі түсініледі[1].

Қоршаған ортаның қалдықтармен ластануының әлеуметтік салдары адам денсаулығына қауіп төндіру болып табылады. Халықтың денсаулығы адамдардың тіршілік ету ортасының қолайсыз факторларының әсерінен қалыптасады. Ел аумағында жиналған өндірістік және коммуналдық қалдықтардың көп мөлшері қоршаған ортаның қайтымсыз деградация процестерінің пайда болуына әкеледі және халықтың денсаулығына нақты қауіп төндіреді. Қалдықтардың ең көп мөлшері бақыланбайтын полигондарда және санитарлық стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтін қалдықтарды көму орындарында қалыптасуда. Бүгінгі таңда Қазақстан ТМД елдері арасында зиянды газдардың ең көп мөлшерін құрайтын қауіпті қалдықтар мен тұрақты органикалық ластағыштарды жинақтау бойынша алдыңғы орындардың бірі болып тұр.

Бүгінде елімізде 3005 қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны жұмыс істейді, алайда олардың заңмен айқындалған барлық таппаларға сәйкес келетіні тек 630 немесе 21% ғана. Республика бойынша тұрмыстық қалдықтардың жылдық түзілу көлемі 4-4, 5 млн тоннаны құрайды, алайда жергілікті атқарушы органдар оларды жинау жүйесін тиісінше ұйымдастырмайды[2].

Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғалары әкімшілік жауаптылыққа тартумен ғана шектеліп, аталған мәселе әлі күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ, осыған байланысты заңсыз орналастырылған қалдықтарды жою үшін бюджеттен ірі қаражат жұмсалады.

Сонымен қатар, елімізде қалдықтарды қайта өңдеу бойынша да тиісті жұмыстар ұйымдасытырламаған. Ағымдағы жылдың үшінші тоқсанында Республика бойынша қайтадан өңделген ҚТҚ көлемі 24% -құрады. Бұл көрсеткіш жыл сайын артқанымен (2020 – 18%, 2021 – 21%), қалдықтарды қайта өңдеудің тиімді тетіктері жоқ. Мысалы, құрылыс қалдықтарын қайта өңдеуге арналған инфрақұрылым Қостанай облысы мен елордада ғана

ұйымдастырылған, республикамыздың өзге аймақтарында мұндай арнайы орындар ұйымдастырылмаған[3].

Заңдар, ережелер мен рұқсаттар сияқты қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық құралдары қоршаған ортаға және олардың қызметінен туындауы мүмкін денсаулыққа теріс әсерді болдырмау үшін кәсіпорындар мен жеке тұлғалардың сәйкес келуі міндетті шарттарды белгілейді.

Қазақстан бұл саладағы заңдардың кең жинағын әзірлеп және экологиялық заңнаманың жұмыс істеуі үшін олардың сақталмауына ден қою жүйесін енгізді. Бұл жүйе әкімшілік, азаматтық және қылмыстық жауапкершілікті көздейді.

«Оған бірқатар санкциялық шаралар, мысалы, заң бұзушылықты жою және оны қалпына келтіру туралы нұсқаулар, айыппұлдар, рұқсаттарды қайтарып алу, өндірісті жабу және өзгелер жатады»[4].

Алайда, заңға немқұрайлы қарау немесе жазалау шараларының осалдығы алаңдаушылық туғызады, өйткені заңнаманы сақтамау елдің экологиялық мақсаттарға жетуіне кедергі келтіреді.

Экологиялық құқық бұзушылықтар бойынша жазалау шараларының әсері мен тиімділігін арттыру үшін табиғатты қорғау заңнамалық жүйесін нығайту бойынша басқа да институционалдық шараларды қабылдауды қамтитын реформалар қажет.

Бұл мақсатта нақты өзгерістерге қол жеткізудің қажетті шарты экологиялық реттеуге неғұрлым жүйелі тәсілді қабылдау болып табылады.

Ол үшін ұйымдастырушылық және талдамалық әлеуетті нығайту қажет, ал үкіметтік емес мүдделі тараптар табиғат қорғау нормаларын сақтауды қамтамасыз етуге жәрдемдесу үшін қосымша өкілеттіктерге ие болуға тиіс.

«Бүгінгі таңда қарастырылып отырған саладағы заңдылықтың жай күйін қанағаттанарлық деп сипаттауға болмайды. Аталған проблемалық сұрақтар мемлекеттік реттеуді қажет етеді және өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару процесінде туындайтын қоғамдық құқықтық қатынастардың күрделілігі мен жан-жақтылығы уәкілетті органдар мен мүдделі тұлғалардың кешенді пайдалануын және мемлекеттік басқару шаралары мен мемлекеттік реттеу шараларын талап етеді» [5].

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметінің ерекшеліктері мен қалдықтарды басқару кезінде сақталуға тиісті экологиялық талаптардың тиімділігін анықтау, қалдықтарды басқарудың шетелдік тәжірибесін, оның ішінде қалдықтарды өңдеу мен сұрыптаудың тиімді әдістерін енгізуге қатысты зерттеу жүргізу өзекті болып табылады.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайын бағалау. Қазіргі таңда тұрмыстық және өндіріс қалдықтары саласында құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық құқықтық актілері, сонымен қатар олардың қызметін реттеуге тікелей әсер ететін өзге де құқықтық актілер осы саладағы проблемалық

сұрақтарды толық қамтымайды. Осыған байланысты құқықтық актілерге барынша тиімді ұсыныстар енгізу қажет.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты ҚР құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру, қалдықтардың айналымы және оны қолдану практикасы мәселелері бойынша экологиялық және өзге де заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеу бірқатар нақты міндеттерді шешеді:

- «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы» қызметін зерделеу және ықтимал проблемаларды анықтау;

- ҚР-да және шет мемлекеттерде қалдықтармен жұмыс істеу кезінде белгіленген талаптарды қарастыру;

- ҚР-да қалдықтармен жұмыс істеу бөлігінде заңнаманың кемшіліктерін анықтау;

- ҚР-ның құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігін арттыру, қалдықтардың айналымы және оны тәжірибеде қолдану мәселелері бойынша тиісті заңнама талаптарын жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу жұмысының объектісі ҚР құқық қорғау органдарының қалдықтармен жұмыс істеуге қатысты қызметін жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Зерттеу пәні құқық қорғау органдарының қоршаған ортаны сақтауға қатысты қойылатын заңдардың талаптарының орындалуын жүзеге асыру жөніндегі қызметін реттейтін құқық нормалары, сондай-ақ проблемалық мәселелер болып табылады.

Зерттеудің нормативтік базасы Қазақстан Республикасының Конституциясы, конституциялық заңдар, халықаралық құжаттар, Қазақстан Республикасының заңдары мен басқа да нормативтік құқықтық актілері, мемлекеттік және өңірлік бағдарламалық құжаттар, арнайы уәкілеттік берілген орталық және жергілікті атқарушы және өкілді билік органдарының актілері құрайды».

Зерттеудің теориялық базасын экологиялық құқық, су құқығы, халықаралық құқық, әкімшілік құқық саласындағы ғылыми еңбектерді құрайды.

Зерттеудің әдіснамалық базасы жалпы ғылыми және жеке ғылыми таным әдістерінің кешенін құрайды. Зерттеудің жалпы теориялық негізі - құқықтық құбылыстарды танудың жүйелік тәсілдері. Құқық нормаларын түсіндірудің әртүрлі әдістері қолданылды.

Зерттеу тақырыбының ғылыми әзірлену дәрежесі. Қалдықтармен жұмыс жасау кезіндегі экологиялық талаптарды сақтау мәселелерін зерттеу кезінде осы саладағы құқықтық актілер, мемлекеттік мекемелердің ресми сайттары, БАҚ ақпараттар зерделенді. Отандық және шетелдік авторлар, оның ішінде Б.Т. Ахметовтың «Тенденции развития правового регулирования в области обращения с отходами потребления»; Д.Л. Байдельдинов пен С.Д. Бекишеваның

«Экологическое право Республики Казахстан» сияқты еңбектеріне шолу жасалды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Қазіргі таңда тұрмыстық және өндіріс қалдықтары саласында құқық қорғау органдарының қызметін реттеумен айналысатын ҚР-ның заңнамалық актілері, сонымен қатар олардың қызметін реттеуге тікелей әсер ететін өзге де құқықтық актілерге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу негізінде осы саладағы проблемалық сұрақтарды толық қамтып, проблемалық сұрақтарды шешу болып табылады.

Қорғауға шығарылатын шығарылатын ережелер:

Қалдықтардың айналымы саласын реттеудің тиімді жолдары ретінде ҚР-ның заңнамалық актілерін жетілдіру;

Құқық қорғау органдарының қызметін және олардың ден қою құралдарын жетілдіру шеңберінде ден қоюдың әкімшілік-құқықтық тетіктерін жетілдіру;

Құқық қорғау органдары қызметінің әкімшілік-құқықтық аспектілері ретінде ӘҚБтК нормаларын жетілдіру талап етеді.

Осыған байланысты жүргізілген зерттеулер негізінде төмендегі ұсыныстар енгізуді ұсынамын:

1. Қалдықтардың айналымы саласын реттеудің тиімді жолдары ретінде «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 49-1 бабының 1 тармағын келесі редакцияда көп пәтерлі тұрғын үйдің үй жанындағы жер учаскелері тізімін кеңейтуді ұсынамын:

«49-1-бап. Көппәтерлі тұрғын үйдің үй жанындағы жер учаскесі

1. Елді мекеннің бас жоспарына сәйкес көппәтерлі тұрғын үй салуға арналған жобалау құжаттамасында көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан және абаттандыруға, көгалдандыруға, спорт, ойын алаңдарын орналастыруға, кіреберіс жолдарға, тұрақ орындарына, тротуарларға, шағын сәулет нысандарына», тұрмыстық қалдықтар және құрылыс қалдықтары орындарына (арнайы контейнерлер, қоршаулар) арналған көп пәтерлі «тұрғын үйдің үй жанындағы жер учаскесі көзделуге тиіс».

2. Құқық қорғау органдарының қызметін және олардың ден қою құралдарын жетілдіру шеңберінде ден қоюдың әкімшілік-құқықтық тетіктері ретінде:

Қазақстан Республикасының Экология кодексінде (бұдан әрі- Кодекс) қалдықтар 4 топқа және бірнеше түрге бөлінеді. Атап айтқанда, тау-кен өндірумен айналысатын өнеркәсіптердің қалдықтары, радиоактивті қалдықтар, қалдықтардың жекелеген түрлері, олар: медициналық қалдықтар, биологиялық қалдықтар.

Сәйкесінше Кодексте қалдықтардың жекелеген түрлері бойынша қалдықтарды басқаруға қатысты экологиялық талаптар бар. Алайда, оларды бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК 344- бабына сәйкес (Қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу) жауапкершіліктің бір ғана түрі көзделген. Олардың экологияға келтіретін залалдары мен қауіптілік дәрежесін, бұзушылықтың

күрделілігі ескерілмеген, сондықтан жауапкершілік түрі әр түрлі болу керек деп есептеймін. Осыған байланысты, ӘҚБТК-нің

344- бабын: 6,7, 8,9,10 бөліктермен толықтыруды ұсынамын:

«6. Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу -;

7. Тау-кен өндірумен айналысатын өнеркәсіптердің қалдықтарын басқару жөніндегі талаптарды бұзу-;

8. Радиоактивті қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу -;

9. Медициналық қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу -;

10. Биологиялық қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу».

3.«Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрiнiң м.а. 2021 жылғы желтоқсандағы №508 бұйрығының2 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, коммуналдық қалдықтарға өндiрiс, ауыл шаруашылығы қалдықтарын қоса алғанда құрылыс қалдықтары кірмейдi.

Сондықтан, ҚР ӘҚБТК 434-2 бабын келесі редакцияда ұсынамын:

«434-2-бап. Ортақ пайдаланылатын орындарды ластау».

«1. Ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды, құрылыс қалдықтарын тастау» –

«10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді».

4. Прокурорлық қадағалаудың жан-жақтылығын қамтамасыз ету мақсатында «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы17 қаңтардағы №32 бұйрығынтолықтыруды ұсынамын.

Бұйрықтың 34-тармағында прокурорлардың құзыретіне жарты жылда бір рет экологиялық заңнама мәселелері бойынша талдау жүргізу берілген.

Аталған талдау тұтыну қалдықтарына қатысты проблемалық сұрақтарды толық қамтымайды. Тұтыну қалдықтарына қатысты экологиялық талаптардан өзге санитарлық талаптарды қарастыратын нормативтік актілер бар. Қазіргі таңда халықтың арыз-шағымдарының бірі осы санитарлық талаптардың сақталмауына қатысты. Сондықтан Бұйрыққа санитарлық қағидалардың сақталу мәселелерін талдау жүргізу тізіміне енгізу қажет деп есептеймін.

Осыған байланысты, 34-тармағын келесі редакцияда ұсынамын:

«Прокурорлар жарты жылда бір рет мынадай:

- 1) бюджет қаражатын жұмсаудың заңдылығы мен тиімділігі;
- 2) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (оның ішінде мемлекеттік) сатып алуды жүзеге асыру ;
- 3) салық заңнамасын қолдану;
- 4) экологиялық заңнаманы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы қолдану;

5) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды адамдары тарапынан олардың қызметіне араласу фактілері бойынша ауызша (оның ішінде прокуратура органдарының жанындағы бизнесті қорғау жөніндегі мобильді топтар шеңберінде келіп түскен) және жазбаша жолданымдарын қарау»;

б) *Санитарлық қағидаларды сақтау мәселелері бойынша талдау жүргізеді.*

5. «ҚР-ның ӘҚБТК-нің 685-бабы 1-бөлігіне өзгерістер енгізіліп, ішкі істер органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау баптарына аталған кодекстің 344-бабында (үшінші бөлігі) көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарау» құзыреті берілсін.

Зерттеу кезеңдері, күтілетін нәтижелер және оларды енгізудің болжанатын бағыттары және апробациялар.

Зерттеу жұмысы шеңберінде негізгі көрсеткіштер келесі мерзімді және ғылыми басылымдарда материалдар көрді:

2023 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау академиясымен ұйымдастырылған Ө.С. Сейітовтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі заң ғылымның дамуы: теория және практика» атты VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы бойынша «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын құқықтық реттеудің жай-күйі»

Зерттеу нәтижелерін апробациялау диссертациялық жұмысты орындаудың әр кезеңінде нәтижелерге қол жеткізуге байланысты жүзеге асырылды.

Зерттеу кезеңдерінде статистикалық мәліметтерді, нормативтік-құқықтық базаны және ғылыми-практикалық жұмыстар мен мақалаларды жинау, зерделеу және талдау арқылы қалдықтарды басқаруға қатысты мемлекетпен жүргізіліп жатқан саясаттың басым бағыттары зерттеледі. Осы салада бірыңғай тәсілдердің болмауынан туындаған негізгі проблемаларды айқындау, қалдықтарды басқарудың қазіргі заманғы жүйесін дамыту үшін реттеудің экологиялық тетіктері қолданылады.

Зерттеу нәтижелері тағлымдама шеңберінде Есіл аудандық прокуратурада таныстырылып, назарға алынды. Сонымен қатар, Н.Гумилев атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқу процессінде назарға алынып, лекция және семинар сабақтары барысында қарастырылды. Бұл зерттеу нәтижелерін енгізу актілерімен расталады (*Қосымша 1*).

1 Құқық қорғау органдары қызметінің объектісі ретінде қалдықтардың айналымы

1.1. Қазақстанда қалдықтармен жұмыс істеуді құқықтық реттеу

Қазақстан Республикасы «экологиялық заңнамасының негізгі мақсаты-қоғамның экологиялық және экономикалық мүдделерінің арақатынасын, мемлекетіміздің экологиялық басымдықтарын көрсететін табиғат қорғау және табиғат ресурстары қатынастарын реттеудің тиімді құқықтық моделін құру. Бұл ретте экологиялық заңнаманы жетілдіру елде жүргізіліп жатқан экономикалық, әлеуметтік және өзге де реформалармен байланыстырылуға тиіс» [6].

«Мемлекеттік экологиялық саясаттың негізгі принциптері мен басымдықтарын практикалық іске асыруда шешуші рөлді оларды экологиялық заңнаманың негізі ретінде қалауға мүмкіндік беретін заң шығару қызметі атқарады. Заң шығару қызметі заң шығару актілерінде, яғни кез-келген құқықтық актілер сияқты белгілі бір құқықтық салдарларды тудыратын заңды әрекеттерде көрінеді»[6].

«Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу саласындағы қатынастарды реттейтін еліміздің заңнамасы уақыт қажеттіліктеріне жауап бермейді және жүйелі жетілдіруді қажет етеді»[6].

Қалдықтармен жұмыс істеуді құқықтық реттеудің негізгі мақсаты еліміздің тұрғындарының денсаулығына, табиғатқа келтірілетін залалдардың алдын алу, табиғи байлықтар ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.

Қазақстанда өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқаруды реттейтін нормативтік құқықтық базаның негізі ҚР Экологиялық кодексі болып табылады.

«Қазақстан Республикасында қалдықтар бойынша салаішілік заңнама жоқ, ал қолданыстағы заңнамада көптеген халықаралық озық тәжірибелерден (мысалы, Дүниежүзілік Банктің қалдықтар жөніндегі негіздемелік директивасы) айырмашылығы қалдықтарды басқару иерархиясы қағидаты көзделмеген»[6].

«Қалдықтардың негіздемелік директивасы қалдықтардың пайда болуын болдырмауға және азайтуға, сондай-ақ оларды жоюдың жаңа әдістерін жоюға және дамытуға бағытталған күш-жігерді арттыруды қарастырады» [6].

Қазіргі таңда біздің елімізде қалдықтарды кәдеге жаратумен оларды көмуге қатысты келесі мемлекеттік деңгейдегі құжаттар қолданылады:

- «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 750 Қаулысы»[7];

- «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы[8];

- «Қалдықтар сыныптауышын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 бұйрығы [9];

- «Әртүрлі сыныптағы полигондарда көму үшін қалдықтар түрлерінің тізбесін бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 361 бұйрығы [10];

- «Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығы [11];

- «Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығы[12];

- «Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығы [13];

- «Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 373 бұйрығы [14];

«Осы саладағы заң шығару бастамаларын іске асыру үшін қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы заңнаманы жетілдіру бағыттары үлкен маңызға ие және қалдықтармен жұмыс істеу саласына тікелей қатысты:

1) қайталама ресурстар ретінде пайдаланылатын тұтыну қалдықтарына ерекше құқықтық мәртебе беруге қатысты ҚР заңнамасына өзгерістер енгізу;

2) ҚР заңнамасына өнім өндіру, жұмыстарды жүзеге асыру, қызметтер көрсету үшін қайталама ресурстар ретінде пайдаланылатын тұтыну қалдықтарын қолданатын ұйымдарды ынталандыруға қатысты өзгерістер енгізу;

3) тауар өндірушілер мен тауар импорттаушылардың қалдықтарды пайдаланудан кәдеге жарату үшін жауаптылығына қатысты мәселелерді мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру болып табылады.

Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнаманы жетілдірудің негізі бүгінгі таңда мемлекеттік экологиялық саясаттың негізгі және өзекті бағыттары болуға тиіс екені анық. Мемлекеттік экологиялық саясаттың басымдықтарының бірі қалдықтармен экологиялық қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету болды және болып қала береді»[6].

Бұл мәселені шешу бірқатар шаралармен қамтамасыз етілуі мүмкін, олардың арасында негізгі орындардың бірі құқықтық сипаттағы шараларды алады.

2021 жылы еліміз экологиялық тиімділік индексі бойынша 180-ден 93-ші орынды иеленді.



1 сурет -Қалдықтарды қайта өңдеу деңгейі бойынша елдердің рейтингі [15]

Аталған индекс-экологияның әртүрлі салаларындағы 40түрлі индикатордан тұратын құрама көрсеткіш болып табылады, мысалы: су, ауа тазалығы, биоәртүрлілік және т.б.

Сарапшылар олардың ішінен 2 индикаторды, атап айтқанда:ҚТҚ және өндірістік қалдықтарды жинау, өңдеу коэффициентін, сондай-ақ қайта өңдеу коэффициентін қарастырды. Егер біріншісі бойынша Қазақстан 88-ші орында болса, ал қоқысты қайта өңдеу деңгейі бойынша - 175-ші орында. ҚТҚ өңдеу ісінде ел дамыған елдерден ғана емес, ЕАЭО елдері мен ОА мемлекеттерінен де артта қалып отыр[15].


Көптеген дамушы елдердегідей, Қазақстанда ҚТҚ-ды кәдеге жарату негізінен қоқыстарды полигонға шығарудан тұрады. Оның негізгі себебі-ашық кеңістіктің болуы және басқа тазалау әдістерімен салыстырғанда қатты тұрмыстық қалдықтарды көмудің салыстырмалы түрде төмен құны.

«Кәдеге жаратудың төмен құны халық төлейтін салыстырмалы түрде төмен тарифтермен түсіндіріледі, ал қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау тарифтерін жергілікті атқарушы органдар бақылайды.ҚТҚ-ның шамамен 94-97% рұқсат етілген полигондарда және бақыланбайтын полигондарда одан әрі қайта өңдеусіз орналастырылады.Қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратудың бұл көрсеткіштерін Польшамен Ресей Федерациясы сияқты Шығыс Еуропа елдерінің көрсеткіштерімен салыстыруға болады, мұнда қалдықтарды өңдеу деңгейі 90% және 95% құрайды. Ірі қалалардан тыс жерлерде халықтың төрттен бір бөлігі ғана ҚТҚ жинау қызметтеріне қол жеткізе алады» [15].

ҚТҚ-ның жылдық өндірісі 4-5 млн тонна шегінде ауытқиды және 2030 жылға қарай бұл шама 7 млн тоннаға жетеді деп күтілуде. Егер ҚТҚ өндірісінің қазіргі деңгейі сақталса, елдегі барлық полигондар алдағы онжылдықтарда толады деп күтілуде. Нәтижесінде жақын арада жаңа полигондар салу қажет болады, ал парниктік газдар шығарындыларын азайту үшін қолданыстағы полигондарда газ жинау жеңілдетілуі керек.

2022 жылы ҚР-да ҚТҚ іріктеу және қайта өңдеу үлесі 25,4% -. құрап, бір жылда небәрі 2 пайыздық тармаққа ұлғайды. ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ақпараты бойынша, өткен жылы 4,3 млн тонна қоқыстың тек 1,1 млн тоннасы сұрыптау лентасы немесе қоқыс өңдеу зауыты арқылы өткен. Дәл осындай динамика өнеркәсіпте қайта өңдеуде де байқалды. Өткен жылы өнеркәсіптік қалдықтардың тек 40% - ы қайта өңделген немесе жойылған.

Өткен жылы сұрыптау және қайта өңдеу үлесі 75,2% -құраған Астана көшбасшы болып тұр. Мұндай нәтижеге елорда экологон мен еліміздегі ең ірі «AstanaRecyclingPlant» ЖШС қоқыс өңдеу зауытының есебінен қол жеткізді, сондай-ақ сұрыптау мен қайта өңдеудің үлкен үлесі бар өңірлер қатарына Қарағанды облысы да кірді, онда қалдықтардың 54,6% - ы сұрыптау таспасына дейін жетеді. Қайта өңдеудің орташа үлесі бар өңірлер санатына Атырау (27,5%), Маңғыстау (32,1%) және Павлодар (27,3%) облыстары, сондай-ақ Шымкент (30,3%) кірді [15].



2сурет-ҚТҚ-ны сұрыптау және өңдеу. Аймақ бойынша көрсеткіш.

Қазіргі уақытта қайта өңдеу бөлімі жеке инвестицияларды тартып, материалдардың 20-дан астам түрін сұрыптаумен және өңдеумен айналысатын 130-дан астам шағын және орта кәсіпорындар бар.

«Жасыл экономиканың жаңа тұжырымдамасына сәйкес, ел қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату деңгейін 2030 жылға қарай 40% - ға және 2050 жылға қарай 50% - ға дейін арттыруды мақсат етіп қойды»[15].

Бұл ретте 2030 жылға қарай ҚТҚ-ны 100% санитарлық кәдеге жарату 95% - ға жетуі тиіс. Бұл дегеніміз, барлық салыстырмалы түрде жаңа полигондарды жаңарту қажет болады және жоспарланған полигондар Табиғатты қорғаудың ең

жақсы тәжірибесіне негізделуі керек. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін қоршаған орта министрлігі Табиғат қорғау агенттіктерімен бірлесіп Ақтөбе, Алматы, Өскемен, Астана, Қарағанды және Шымкент сияқты еліміздің ірі қалаларында қалдықтарды энергияға қайта өңдейтін 6 зауыт салу тұжырымдамасын әзірледі. Қалдықтарды энергияға қайта өңдеу 2025 жылға қарай ҚТҚ-ды қайта өңдеуді 30% - ға дейін арттыруға көмектеседі[15].

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың қызметін бағалау көрсеткішін бөлінген мемлекеттік бюджетті игеру көрсеткішімен емес, аталған салаға инвестиция тарту көрсеткіштерімен бағалау жобасы қажет деп есептеймін.

Ел экологиялық құқық және саясат орталығының жүргізген зерттеуіне сәйкес, қоқыс өңдеу бойынша әлемдік көшті Оңтүстік Корея елі бастап тұр. Мұндағы шығатын қалдықтардың 70 % өңделіп, қайтадын қолданысқа енеді. 180 мемлекеттің арасында 175 орынға табан тіреген Қазақстан бір жылда шығарылатын барлық қоқыстың небәрі 3 % ғана қайта өңдеуді ғана жүзеге асырып отыр. Ал қалған қоқыстар көміліп, топраққа залал келтірсе, енді бірі өрт тұтатып, ауаны ластайды.

Зерттеушілер қалдықтарды басқарудың келесі мүмкін жолдарын ұсынады:

1. Энергияны қалпына келтіру мақсатында барлық қолданыстағы полигондарда метан жинау жүйесі шұғыл құрылуы керек, ал жоспарланған санитарлық-техникалық полигондар метан жинау жүйесімен жобалануы керек.

2. Сұрыптау қондырғысына түсетін ҚТҚ фракцияларының сапасы жергілікті жерде ҚТҚ бөлек сұрыптауды біріктіру және осы сұрыпталған фракциялар үшін жеке тректерді жеңілдету арқылы айтарлықтай жақсаруы керек. Нұр-Сұлтанда орналасқан ылғалды және құрғақ ҚТҚ бөлу жөніндегі ағымдағы пилоттық жоба әлі айтарлықтай ілгерілеушілік көрсеткен жоқ.

3. Қазақстандағы ҚТҚ-ның жартысына жуығы негізінен органикалық фракциядан тұрады. Осылайша, органикалық қалдықтарды компосттау және метанды кәдеге жарату ҚТҚ негізгі фракциясын жағудан гөрі перспективалы болып көрінеді.

4. Энергияны қалпына келтіру мақсатында қолданыстағы көмір электр станцияларында оңай пайдалануға болатын ҚТҚ жиынтық мөлшерінен пайдаланылған отынның 10-15% алу мүмкіндігі бар. Бұл электр станцияларында қолданылатын көмірді ауыстыру арқылы парниктік газдардан шығарылатын зиянды ластағыштарды азайтуға көмектеседі [16].

Қазақстан Республикасы жоғарыда аталған тұжырымдамаға сәйкес «2030 жылға қарай ҚТҚ қайта өңдеу көлемі 40% құрауы тиіс»[7].

Қазақстан Республикасының негізгі экология заңнамасының 301-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қоқыс полигондарында қағазды, пластикті және әйнекті көмуді тыйым салатын заң талаптары күшіне енді.

Сондай-ақ, металды, шиналарды және олардың фрагменттерін көмуге тыйым салынады. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап тамақ және құрылыс

қалдықтарын жоюға тыйым салу да күшіне енді. Бұл өзгерістерді іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдар жауапты болады. Олар ҚТҚ орналастыру үшін жер бөлу және объектілер салу туралы құқықтық актілер қабылдайды.

Жалпыэкологияға қол сұғушылықтың сипатына, соның ішінде әсіресе экологияға қатысты қылмыстық іс-әрекеттергетокталып өтсек.

Бүгінгі таңда экологияға әсер ететін құқық бұзушылықтарды тіркеп, тергеу барысында сот сараптамасында деткен ғылыми жетістіктер тиісті деңгейде пайдаланылмай келеді. Осыған байланысты қылмыстарды ашу және сапалы тергеу үшін арнайы қосымша зерттеулер қажет.

Қылмыстық заң экология саласындағы құқық бұзушылықтарды дербес тарау ретінде анықтайды. Олар қоғамдық қауіптілігімен, кінәлілігімен және жазаланумен сипатталады.

Бұл құқық бұзушылықтардың қоғамға төндіретін қауіпі экологияға төндіретін үлкен зиян көлемімен анықталады.

«Зерттеушілер экологиялық құқық бұзушылықтарды қылмыстық-құқықтық жіктеудің әртүрлі тәсілдерін айқындайды» [17, 30 б.].

Э. Н. Жевлаков барлық экологиялық қылмыстарды екі топқа бөлуге болатын жіктеуді ұсынды:

«1. Жалпы сипаттағы экологиялық қылмыстар, олардың ішінде автор су объектілері мен ауаның ластануын, континенттік қайраң туралы заңнаманы бұзуды және т. б. көрсетеді.

2. Жер қойнауын қорғау және ұтымды пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғатын қылмыстарға арнайы экологиялық қылмыстар, фауна мен флораны ұтымды пайдалану саласындағы қалыпты қатынастарға қол сұғатын қылмыстар»[17, 30 б.].

Бұл ғалымның Н. Суловамен бірлескен жұмысындағы тағы бір көзқарасы ол, экологиялық қылмыстарды келесі түрлерге жіктеуге болады деп санайды:

«1. Бірқатар табиғи нысандарға қол сұғатын жалпы сипаттағы қылмыстар. Олардың қатарына: жұмыс жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзу; экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтардың айналымы ережелерін бұзу; микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе токсиндермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу.

2. Жерді және оның жер қойнауын қорғау жөніндегі қатынастарға қол сұғатын қылмыстар: жердің бүлінуі; жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу.

3. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қатынастарға қол сұғатын қылмыстар: су жануарлары мен өсімдіктерді заңсыз өндіру; балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу; абайсызда эпизоотиялардың таралуына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан ветеринариялық қағидаларды бұзу.

4. Өсімдіктер әлемін қорғау жөніндегі қатынастарға қол сұғатын қылмыстар: су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз өндіру; қызыл кітапқа енгізілген организмдер үшін маңызды мекендеу орындарын жою; ормандарды

жою немесе бүлдіру; абайсызда ауыр зардаптарға әкеп соққан өсімдіктердің аурулары мен зиянкестерімен күресу үшін белгіленген ережелерді бұзу.

5. Су және атмосфералық ауаны қорғау қатынастарына қол сұғатын қылмыстар: судың ластануы; атмосфераның ластануы; теңіз ортасының ластануы.

6. Ерекше қорғалатын аумақтар мен объектілерді қорғау жөніндегі қатынастарға қол сұғатын қылмыстар: қызыл кітапқа енгізілген организмдер үшін сыни мекендеу орындарын жою; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен табиғи объектілер режимін бұзу»[18, 67б.].

Табиғи ортаға зиян келтіретін кез келген әрекетті экологиялық қылмыс деп тану туралы ұстанымды жақтайтын заңгер ғалымдар да бар.

«Осы көзқарасты жақтаушылар экологиялық қылмыстарды екі топқа бөлуді ұсынады: жауапкершілігі «экологиялық қылмыстар» тарауында көзделген қылмыстар және қылмыстық кодексте қамтылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың басқа тарауларына орналастырылған экологиялық қылмыстар немесе экологиялық сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық құрамдары үш санатқа бөлінеді: арнайы экологиялық құрамдас, байланысты және қосымша құрамдас»[19, 10 б.].

«Арнайы құрам әдетте Экологиялық қылмыстар» тарауында бекітілген қылмыстардың барлық құрамдарын, сондай-ақ басқа тараулардың баптарында көзделген, оларды экологиялық деп жіктеуге болады бірқатар құрамдарды қамтиды, құрамдары деп ғалымдар заңсыз әрекеттер нәтижесінде табиғатты пайдалану ережелері бұзылып, қоршаған ортаға зиян келтірген кезде ғана экологиялық маңызы бар әрекеттер орын алады деп түсінеді, ал қосымша құрамдарға өз әрекеттерімен немесе әрекетсіздігімен қоршаған ортаға зиян келтіруге ықпал еткен лауазымды тұлғалардың жауапкершілік дәрежесін сипаттайтын құрамдар жатады.

Н.Л. Романова экологиялық қылмыстардың тікелей объектісі мен тақырыбына байланысты жіктеудің келесі нұсқасын ұсынады:

«1. Халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қоғамдық қатынастар тікелей объектісі болып табылатын жалпы сипаттағы экологиялық қылмыстар, ал қылмыстың мәні - тұтастай алғанда табиғи орта. Оларға: жұмыс жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзу, экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтардың айналымы ережелерін бұзу, микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе токсиндермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу және экоцид жатады.

2. Табиғатты құрайтын жекелеген компоненттерді қорғау саласындағы қоғамдық қатынастар тікелей объектісі болып табылатын, ал пәні болып осы компоненттер (су, атмосфералық ауа, судың ластануы, атмосфераның ластануы, теңіз ортасының ластануы, жердің бүлінуі, жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзу) табылатын ал арнайы экологиялық қылмыстар.

3. Қайталама табиғи компоненттерді қорғауға қол сұғатын ерекше экологиялық қылмыстар: Жануарлар (эпизоотиялардың абайсызда таралуына

немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған Ветеринариялық ережелерді бұзу, су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз өндіру; балық қорларын қорғау ережелерін бұзу, заңсыз аң аулау) және өсімдіктер әлемі (өсімдіктердің аурулары мен зиянкестерімен күресу үшін белгіленген ережелерді бұзу). абайсызда ауыр зардаптар; ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу; ормандарды жою немесе бүлдіру), сондай-ақ табиғи биогеоценоздар, балық қорын қорғау ережелерін бұзу; қызыл кітапқа енгізілген организмдер үшін маңызды мекендеу орындарын жою; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен табиғи объектілер режимін бұзу)»[20,113-б.].

Жоғарыда айтылғандардан басқа, ғылыми ортада экологиялық қылмыстардың басқа да жіктелімдері ұсынылады.

Мысалы, субъектілердің түрлеріне, іс-әрекеттің себептері мен мақсаттарына байланысты экологиялық қылмыстар:

- 2) азаматтар тікелей ниетпен қасақана жасаған;
- 3) азаматтар бұзақылық ниетпен жасаған болып бөлінеді.

Экологиялық қылмыстарды келесі белгілері бойынша саралау керек деген көзқарас бар, олар :

1) экологиялық маңызы бар қызметтің қылмыстық бұзушылықтары (ҚР ҚК- 324, 325, 326, 327-баптары);

2) қоршаған ортаның жекелеген элементтеріне қол сұғатын қылмыстар (ҚР ҚК- «328, 329, 330, 331, 332, 333, 334» баптары);

3) флора мен фауна объектілеріне қол сұғатын қылмыстар (ҚР ҚК- 335, 336, 337, 338, 339, 340, 341, 342 баптары).

3.А. Өмірбаева экологиялық қылмыстарды келесі топтарға жіктейді:

«1. Қылмыс пәні нақтыланбаған экологиялық қылмыстар:

- шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу (ҚР ҚК 324-бабы);

- Экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу (ҚР ҚК 325-бабы);

- микробиологиялық немесе басқа биологиялық агенттермен немесе уытты заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу» (ҚР ҚК 326-бабы);

2. Қылмыс пәні нақтыланған экологиялық қылмыстар. Пәннің ерекшеліктеріне қарай экологиялық қылмыстар қол сұғу саласымен байланысты бөлінеді:

1) Суды қорғау:

«- суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу (ҚР ҚК 328-бабы);

-теңіз ортасын ластау (ҚР ҚК 330-бабы);

2) атмосфераны қорғау:

- атмосфераны ластау (ҚР ҚК 329-бабы);

3) жер мен жер қойнауын қорғау:

- жерді бүлдіру» (ҚР ҚК 332-бабы);

- жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 333-бабы);

4) флора мен фаунаны қорғау:

«- балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу (ҚР ҒК 335-бабы)

- заңсыз аңшылық (ҚР ҒК 337-бабы);

- жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 338-бабы);

- өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу (ҚР ҚК 339-бабы);

- ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау (ҚР ҚК 340-бабы);

- ормандарды жою немесе зақымдау (ҚР ҚК 341-бабы);

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу» (ҚР ҚК 342-бабы)

[21].

Д.Л. Байдельдинов экологиялық құқық бұзушылықтарды объектіге байланыстығ яғни жер, су, орман, тау-кен құқық бұзушылықтары, жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану бойынша құқық бұзушылықтар (фауналық), ауаны қорғау құқық бұзушылықтары [22, 15-б.].

Д.Л. Байдельдинов пен С.Д. Бекишева экологиялық құқық бұзушылықтарды қолданылатын санкциялардың сипатына, қол сұғушылық тақырыбына, қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай жіктейді, сонымен қатар келтірілген зиянның сипатын (сарқылу, ластану, зақымдану және т. б.) жіктеу негізіне қосады [23, 238-239 б.]

1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қалдықтардың түсінігі және жіктелуі

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 338-бабының 1-тармағына сәйкес қалдықтар жіктеуші бекітілді. Оларға:

1. Пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және физика-химиялық өңдеу қалдықтары;

2. Ауыл шаруашылығы, бау-бақша, аквамәдениет, орман шаруашылығы, аңшылық және балық аулау, тамақ дайындау және өңдеу қалдықтары;

3. Ағаш өңдеуден және панельдер мен жиһаздар, целлюлоза, қағаз және картон өндірісінен қалдықтар;

4. Былғары, аң терісі және тоқыма өнеркәсібінің қалдықтары;

5. Мұнай өңдеу, табиғи газды тазарту және көмірді пиролитикалық өңдеу қалдықтары;

6. Бейорганикалық химиялық процестердің қалдықтары;

7. Органикалық химиялық процестердің қалдықтары;

8. Жабындарды (бояулар, лактар мен эмальдар), желімдерді, герметиктерді және баспа бояуларын өндіру, өңдеу, тарату және пайдалану (пори) қалдықтары;

9. Термиялық процестердің қалдықтары;

10. Беттерді химиялық өңдеу, металдарға және басқа материалдарға жабын жағу қалдықтары; түсті гидрометаллургия қалдықтары;

11. Металдар мен Пластмассалардың беттерін қалыптау, физикалық және механикалық өңдеу қалдықтары;

12. Мұнай және сұйық отын қалдықтары (тамақ майларын қоспағанда және 05, 12 және 19-да айтылғандарды қоспағанда);

13. Пайдаланылған органикалық еріткіштер, салқындатқыштар және отындар (07 және 08 қоспағанда);

14. Қаптама қалдықтары, сіңіргіштер, сүртуге арналған маталар, сүзгі материалдары және қорғаныс киімдері басқаша анықталмаған;

15. Осы тізіммен басқаша анықталмаған қалдықтар;

16. Құрылыс және бұзу қалдықтары (ластанған учаскелерден алынған топырақты қоса алғанда);

17. Адамдарды немесе жануарларды медициналық қамтамасыз ету және/немесе медициналық қамтамасыз етуге байланысты ғылыми зерттеулердің қалдықтары (жедел медициналық көмек көрсетумен байланысты емес асүйлер мен мейрамханалардың қалдықтарын қоспағанда);

18. Қалдықтарды қайта өңдеу құрылыстарынан, сыртқы су тазарту станцияларынан және адам тұтынуға арналған суды және өнеркәсіптік пайдалануға арналған суды дайындаудан шыққан қалдықтар;

19. Жеке жиналған фракцияларды қоса алғанда, коммуналдық қалдықтар (үй шаруашылықтарының қалдықтары және сауда және өнеркәсіп кәсіпорындарының, сондай-ақ мекемелердің ұқсас қалдықтары) [9].

Қоршаған ортаға төнетін қауіпке байланысты барлық қалдықтар қауіптіліктен өте қауіптіге дейінгі сыныптарға бөлінеді. Әр сынып өзінің индексімен белгіленеді.

Экологиялық талаптарға сәйкес қалдықтардың келесі түрлері бөлінеді:

Жасыл (G) - қауіпті емес қалдықтар тобын қамтиды, оларға төлқұжат жасау міндетті емес, бірақ қоршаған ортаға қауіпті документтілігін дәлелдейтін құжаттар қажет;

Кәріптас (A) – орташа қауіпті қалдықтар тобы, паспорттауға және тиісті органдарда тіркеуге жатады;

Қызыл (R) - жоғары қауіпті қалдықтар тобы, паспорттауға және тіркеуге жатады.

Заңнамаға сәйкес құжаттарды кейіннен ресімдей отырып, паспорттау қызметінің нәтижесі кез келген қауіп индексінің қалдықтарының пайда болуына әкелетін барлық кәсіпорындар үшін міндетті болып табылады. Жасыл индекс қалдықтары үшін қауіпсіздікті растау қажет. Кәріптас және қызыл индекстердің қалдықтарын өндіретін кәсіпорындар үшін төлқұжаттау міндетті

болып табылады. Бұл жеке тұлғаларға да қатысты, егер олардың қызметі үлкен көлемде қалдықтардың пайда болуымен бірге жүрсе.

Бұл ретте I-IV класты қалдықтарға ресімделген паспорттар болмаған жағдайда, Ресей Федерациясының Әкімшілік заңнамасы талаптары бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Осы тектес талапты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне де енгізу қажет деп есептейміз.

Төлқұжат тапсырыс берушінің барлық ерекшеліктерін ескере отырып ресімделеді, барлық қалдықтар сипатталады және жіктеледі. Қазақстан Республикасының аумағында қауіпті қалдықтар паспортының нормалары Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №335 бұйрығымен қабылданды. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 қыркүйекте № 24386 болып тіркелді. Қалдықтар паспортын рәсімдеуде:

- қауіпті қалдықтардың атауы, қалдықтар жіктеуішіне сәйкес коды;
- адамның, қалдықтардың меншік иесінің деректемелері: жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі және заңды тұлға үшін бизнес-сәйкестендіру нөмірі, оның орналасқан жері;
- қауіпті қалдықтар пайда болатын объектінің орналасқан жері;
- қалдықтардың шығу тегі: тауар немесе өнім қандайда бір процестердің әсер ету нәтижесімен бастапты қалпын жоғалтып, соның салдарынан қалдықтар пайда болатын процестің түрі;
- пайда болған қалдықтардың қасиеттерінің қауіпті түрлерінің тізімі;
- пайда болған қалдықтардың химиялық құрамдас бөліктерінің қауіпті түрлерінің сипаттамасы;
- пайда болған қалай басқаруға болатындығы туралы ұсынылатын әдістер;
- пайда болған одан әрі басқару барысында сақталуы тиіс сақтық шаралар;
- қалдықтарды тасымалдауға және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар;
- қауіпті қалдықтармен байланысты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың және олардың зардаптарының алдын алу және жою жөніндегі, оның ішінде тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі шаралар;
- қосымша ақпарат және мәліметтер көрсетіледі [24].

Қалдықтардың морфологиялық құрамы-бұл қалдықтардың шығу тегі, химиялық құрамы мен қасиеттері бойынша айтарлықтай ерекшеленетін жеке компоненттердің құрамы. Морфологиялық құрамы жалпы массаға пайызбен көрсетіледі. Шығарылатын және/немесе қайта өңдеуге жататын қалдықтардың көлемін дәлірек бағалау үшін ҚТҚ талдау кезінде қолданылады.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың құрылымдық құрамы қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады. Дәл

осы қалдықтардың сапалық құрамы жинау және жою жүйесіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ ҚТҚ-мен жұмыс істеу жөніндегі шаралардың оңтайлы конфигурациясын анықтайды. Бұл көрсеткіштің маңыздылығы қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу әдістерін тандағанда айтарлықтай артады.

Ауылдық жерлердегі қалдықтардың морфологиялық құрамы қалалық жерлерден ерекшеленеді. Онда органикалық қалдықтар және пластмассаның, орауыш материалдардың, қағаздың және картонның аз үлесі басым.

Сонымен қатар, ағашты және басқа материалдарды жылыту мақсатында жағуға болады. Бұл екі қызмет те пайда болған қалдықтардың құрамы мен көлеміне әсер етеді.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың морфологиялық құрамын анықтау әдістемесіне сәйкес ҚТҚ морфологиялық құрамы мынадай жіктеуге болатын тамақ қалдықтары (көкөністер, жемістер және т. б.); қағаз және картон; - полимерлер (пластмасса, пластмасса); шыны; қара металдар; түсті металдар; тоқыма; ағаш; қауіпті қалдықтар (батареялар, құрғақ қалдықтар және электролиттік аккумуляторлар, еріткіштерден, бояулардан жасалған ыдыстар, сынап шамдары, телевизиялық кинескоптар және т.б.); сүйектер, былғары, резеңке; компоненттерді алып тастағаннан кейін коммуналдық қалдықтардың қалдықтары (ұсақ құрылыс қоқыстары, тастар, көше сметалары және т. б.); болып табылады [25].

«Қалдықтардың пайда болу нормаларына сәйкес, экономикалық белсенділіктің өсуін және республика халқының өсу серпінін ескере отырып, 2035 жылға қарай ҚТҚ түзілу көлемінің 8 млн. тоннаға дейін ұлғаюы болжанады» [26].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамада қалдықтарды басқару жүйесін қалыптастыру және жетілдіру негізгі бағыттардың бірі болып белгіленді.

Тұжырымдамаға сәйкес қалдықтарды басқару жүйесін қалыптастыру келесі тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылуы керек:

а) қызметтердің толық спектрін ұсына отырып және ландшафттарды жан-жақты қорғай отырып, қалдықтарды кәдеге жаратудың келісілген жүйесін құру;

б) қайта өңдеу мен қайта пайдалануды кеңінен қолдануға, сондай-ақ пайдалы заттар мен материалдарды алуға, Қалдықтарды кәдеге жарату есебінен отын алуға көшумен полигондар санын қысқарту;

в) құн тізбегі шеңберінде де, одан тыс жерлерде де өнімді көп айналымда пайдалана отырып, тұйық цикл экономикасын дамыту;

г) экологиялық жағдайды жақсарту және қоршаған ортаға техногендік әсерді азайту.

ҚТҚ проблемаларын шешу үшін келесі іс-шараларды іске асыру белгіленген:

1) ҚТҚ-ның барлық үлкен үйінділері бойынша мұқият аудит жүргізу және оларды рекультивациялау жөніндегі шараларды айқындау;

2) ҚТҚ қайта өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу.

«Жасыл экономиканың» нысаналы индикаторларының бірі-халықты ҚТҚ-ны 100% - ға дейін шығарумен, қоқысты санитарлық сақтаумен 95% - ға дейін және қайта өңделген қалдықтардың үлесін 2030 жылға дейін 40% - ға дейін арттырумен қалдықтарды кәдеге жарату болып табылады. Қайта өңдеудің мәлімделген деңгейіне қол жеткізу ҚТҚ-ны бөлек жинауды енгізу, қайта өңделген материалдардан алынатын пайданы ескере отырып, белгілі бір рентабельділік нормасымен осы салаға операциялық шығындар мен инвестицияларды жабуға кепілдік беретін тарифті есептеу әдістемесін айқындау, қаптаманың, электрондық және электр жабдығының, көлік құралдарының қалдықтарын жинауға және кәдеге жаратуға арналған шығыстардың бір бөлігін жабу мақсатында ӨКМ қағидатын енгізу, пайдаланғаннан кейін аккумуляторлар, жиһаз және басқа да тауарлар, инвестициялар тарту тетігін әзірлеу, оның ішінде ірі қалалардағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы және шағын елді мекендердегі жергілікті атқарушы органдар деңгейінде бюджеттік ресурстар есебінен саланы дамыту»[26].

«ҚТҚ жинау және көму жөніндегі ресми статистикалық деректерге сәйкес Қазақстан Республикасында жыл сайын орта есеппен 3,5 млн. тонна коммуналдық қалдықтар түзіледі.

Коммуналдық қалдықтардың негізгі үлесі үй шаруашылықтарының қалдықтарына тиесілі-70,7%, 15,7% өндіріс қалдықтары (тұрмыстық қалдықтарға тең), 10,3% – көшелерден жиналған қоқыс, 1,7% – нарық қалдықтары»[26].

Көріп отырғанымыздай, жеке тұлғалардың күнделікті тіршілік ету нәтижесінде қалыптасатын қалдықтар көлемі барлық қалыптасатын қалдықтардың көп мөлшерін, нақтырақ айтсақ 70 %-ға жуығын құрайды.

Бұл ретте тұрғын үй құрылысын салу кезінде құрылыс компаниялары құрылыс басқармаларынан міндетті қалдықтар төгетін контейнерлердің орналасатын орынын қарастырып, аталған орын қарастырғаннан кейін ғана тұрған-үй құрылысына рұқсат беруді қарастыру керек деп есептейміз. Өйткені бірнеше тұрғын-үйлерге ортақ, жеткілікті мөлшерде қалдықтарға арналған контейнерлермен жабдықтамау салдарынан қалдықтар үйінділері пайда болады.

Мысалы, қалдықтардың айналымы саласын реттеудің тиімді жолдары ретінде Қазақстан Республикасының заңнамалық құқықтық актілерін жетілдіруді, оның ішінде елдің сәулет және құрылыс қызметі саласындағы негізгі Заңның (ҚР 16.07.2001 жылғы №242 Заң) 49-1 бабының 1 тармағына өзгерістер енгізіп, құрылыс мекемелеріне көп пәтерлі тұрғын үйді салуды бастар алдында қалдықтарға арналған контейнерлер орналасатын жер орындармен қамтамасыз етуді міндеттеуді көздейтін норманы қарастыруды, яғни үй жанындағы жер учаскелері тізімін кеңейту қажет деп есептеймін.

Аталған Заңның «49-1-бабының 1-тармағында:

1. Елді мекеннің бас жоспарына сәйкес көппәтерлі тұрғын үй салуға арналған жобалау құжаттамасында көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан және абаттандыруға, көгалдандыруға, спорт, ойын алаңдарын орналастыруға, кіреберіс жолдарға, тұрақ орындарына, тротуарларға, шағын сәулет нысандарына арналған көппәтерлі тұрғын үйдің үй жанындағы жер учаскесі көзделуге тиіс» делінген [27].

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, аталған Заңның мазмұнын келесі редакцияда ұсынамын:

«Елді мекеннің бас жоспарына сәйкес көппәтерлі тұрғын үй салуға арналған жобалау құжаттамасында көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан және абаттандыруға, көгалдандыруға, спорт, ойын алаңдарын орналастыруға, кіреберіс жолдарға, тұрақ орындарына, тротуарларға, шағын сәулет нысандарына тұрмыстық қалдықтар және құрылыс қалдықтары орындарына (арнайы контейнерлер, қоршаулар) арналған көппәтерлі тұрғын үйдің үй жанындағы жер учаскесі көзделуге тиіс».

Себебі, аталған Заң 2001 жылы қабылданды және оған өзгерістер тек 2019 жылы ғана енгізілді. Қазіргі кезде салынып жатқан құрылыс объектілері, оның ішінде тұрғын-үй, тамақтану, демалу орындары құрылысының қарқындылығын ескерсек аталған Заң қазіргі кезеңнің талаптарына сәйкес келмейді.

Аталған өзгеріс белгілі бір тұрғын-үй кешендерін жеткілікті түрде арайы контейнерлермен жабдықталуына және тазалықтың сақталуына жол ашады деп есептейміз. Қазіргі таңда бізде, аталған Заңның 55-бабына сәйкес тұрмыстық қалдықтарды орналастыру үшін жергілікті атқарушы орган бір шағын ауданның шегінде белгілі бір шектеулі орындарын белгілеп, ал контейнерлермен жабдықтау қызмет көрсетуші мекемелерге жүктейді.

Бұдан бөлек, жергілікті жерлердегі әкімдіктерге қалдықтарды жинау кезінде құрылыс және ірі көлемдегі қалдықтарды жинайтын алаңдар қарастыру міндеті жүктелген. Алайда тәжірибеде бұл талаптар сақталмайды.

1.3. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік басқару

Халықтың экономикалық өсуі, өркендеуі мен әл-ауқаты әрбір мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Мемлекеттің қазіргі мақсаты мен міндеті-қоршаған ортаға зиян келтірместен экономикалық өсуді қамтамасыз ету. Дегенмен, бүгінде жаһандық экологиялық тұрақсыз өсуін оның экологияға қайғылы салдарымен байқай аламыз [28].

Қазақстан Республикасы Орталық Азия өңірінің экономикалық көшбасшысы ретінде энергетикалық шикізаттың (мұнай, көмір, табиғи газ, уран) едәуір қоры және вольфрам, хром, темір кені, марганец, күміс, қорғасын, мырыш, титан, мыс, алтын және басқа да көптеген пайдалы қазбалары бар ел болып табылады. Бұл табиғи ресурстар Қазақстанға тау-кен өндіру,

металлургия, химия, мұнай-химия және машина жасау сияқты өнеркәсіп түрлерін табысты дамытуға және кейіннен мемлекеттің экономикалық өркендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, бұл энергия көздері мен минералды ресурстар қалпына келтірілмейді және ұтымды жолдарды қарастыруды қажет етеді. Пайдаланылған газдардың ауаға шығарылуына, судың ластануына және жанама өнім ретінде өнеркәсіптік қалдықтардың көп мөлшерде жиналуына әкеп соғатын шикізатты жоғары тұтынуды қысқарту Қазақстанды қоса алғанда, әрбір дамыған елдің экономикалық дамуының Стратегиялық жоспарының бөлігі болып табылады.

Қалдықтар көбінесе шикізатты өңдеу және өндіру сияқты адам әрекетінен пайда болады. Өнеркәсіптік қалдықтар-бұл «өндірістік қызмет нәтижесінде пайда болатын қалдықтар және ол өндіріс процесінде пайдасыз болатын кез-келген материалды қамтиды, мысалы, зауыттарда, өндірістік зауыттарда, және тау-кен өндірісінде»[28].

Жалпы алғанда халықтың тез өсіп, әр түрлі бағыттағы өнеркәсіп орындарының, тамақтану бойынша қызмет көрсететін кәсіп түрлерінің қарқынды дамуы коммуналдық, өндірістік және ауылшаруашылық қалдықтарын өндірудің едәуір өсуіне әкелді.

«Қалдықтарды реттеуде туындаған қиындықтар тек біздің елімізде ғана емес дамыған шет мемлекеттерде де түпкілікті шешімін тапқан жоқ деп айтуға болады. Мысалы, жаңалықтарға назар аударсақ дамыған ел болып табылатын Америка штаттары осыдан шамамен бес жыл бұрын осы мәселені шешудің бірден бір жолы деп санап тамақтану орындарында бір реттік пайдаланатын пластикалық ыдыстарды пайдалануға үш жылға дейін сынақ мерзімі ретінде тыйым салса, ал Финляндия елінде пластика ыдыстарда сатып алынған сусындар мен өзге де тамақ түрлерінен қалған ыдыстарды сатып алу бағасының тең жартысындай көлемде автоматтандырылған пластика қабылдау қондырғыларына тапсыру тәжірибесі қолданылды»[29].

Мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігі әртүрлі қалдықтардың қоршаған ортаға, халықтың денсаулығына кері әсер етуді азайтуға жағдай жасайтын қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз етуден тұрады.

Қалдықтарды басқару оларды жинаудан, тасымалдаудан, қайта өңдеуден тұрады және қайта пайдалану немесе кәдеге жарату, сондай-ақ қалдықтардың халықтың денсаулығы мен қоршаған орта жағдайына әсерін азайту мақсатында осы процестерді бақылау бойынша тұтас кешен болып табылады.

«Зерттеушілер жекелеген мемлекеттер ұстанатын қалдықтарды басқарудың негізгі принциптерін атап өтеді, олар: «қалдықтардың одан әрі пайда болуын болдырмайтын және оны азайтатын жолдарын іздестіру, қалдықтарды өндіріс процесіне қайтару арқылы қайта өңдеу, қалдықтарды қоршаған ортаға қауіптілігін азайту мақсатында жою»[30].

Ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, авторлардың қалдықтарды өңдеуге деген көзқарасы екі жақты деп айта аламыз. Сарапшылардың бір тобы мемлекетте жинақталған қалдықтардың үлкен көлемін экологиялық апат және

мемлекет пен оның азаматтарының экологиялық қауіпсіздігіне елеулі қатер ретінде қарастырады. Авторлардың екінші тобы жинақталған қалдықтардың мөлшерін ел экономикасы үшін әлеуетті энергия көзі ретінде ұсынады.

Олар мысал ретінде Швейцарияның Норвегиядан энергия өндіретін қайта өңдеу зауыттарын қамтамасыз ету үшін қалдықтарды сатып алу стратегиясын келтіреді.

Дүниежүзілік сарапшылар қалдықтарды өңдеу мен жағуға сәйкес елдерді бірнеше санатқа бөлді. «Қалдықтардың 0% – дан 41% – на дейін қайта өңделетін немесе өртенетін елдер «бастаушы», 41% - дан 80% - ға дейін «қуып жетуші», 81% - дан 100% - ға дейін «озық» болып саналады»[31].

«Қазақстан да кіретін Еуропа мен Орталық Азия мемлекеттері өз қалдықтарының 18% - қайта өңдеу үшін жағуды пайдаланады, дегенмен бұл тәжірибе Батыс Еуропада кең таралған. Еуропа мен Орталық Азияда әдетте қалдықтарды жинау жүйелерін жақсартуға, орталық полигондарды салуға және қоқыс полигондарын жабуға баса назар аударылады. Қазақстанда қалдықтардың 60%-ы кәдеге жаратылады, сондықтан ол «жаңадан келген» елдер санатына енді» [32].

Бізде қазір пластикалалық қалдықтар негізінен Ресей, Өзбекстан елдеріне төмен бағада жіберіледі.

Осы саладағы көптеген сарапшылар қауіпті қалдықтардың қоршаған ортаға ғана емес, адамның өзіне де зиянды әсеріне назар аударады. «Қауіпті қалдықтар және денсаулыққа әсері: ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу» мақаласында «қалалық және қауіпті қалдықтарды жоюдың тиімсіз, ескірген және заңсыз әдістері барлық дерлік елдердегі жергілікті қауымдастықтарға әсер етеді; бұған негізінен индустриалды дамыған елдерден заңсыз трансшекаралық сауда кіреді. Қалдықтардың әсеріне байланысты аурулардың ауыртпалығы табысы орташа және төмен елдерде өсуде» [33].

Сарапшылар «қалдықтар және адам денсаулығы» атты жарияланымда «дұрыс тасталмаған немесе өңделмеген қалдықтар көму аймағында тұратын халықтың денсаулығына елеулі проблемалар тудыруы мүмкін деп мәлімдейді». [33].

Қалдықтардың мөлшері мен түрі адамдардың аурулармен себеп-салдарлық байланысын тікелей анықтай алатын талдау жүргізу өте қиын болғанымен, зерттеушілер қалдықтардың қатерлі ісікке, жүктілік ағымына және кейіннен нәрестеге белгілі бір теріс әсер ететінін анықтады.

Қазақстан Республикасындағы экологиялық жағдайды талдай отырып, Н.К. Омарова «құрамында зиянды химиялық қосылыстар бар қалдықтармен қатар Балқаш, Мұғалжар, Ертіс, Маңғыстау және Каспий теңізі аймақтарындағы жерлер радиоактивті заттардың әсеріне қатты ұшырайды. Мұндағы радиоактивтілік деңгейі барлық рұқсат етілген нормалардан асады. Сырдария, Шу, Талас, Орал өзендері қорғасын, фтор, мыс, пестицидтер мен нитраттармен ластанған. Бұл қауіпті қалдықтар оларға жақын орналасқан елді мекендерде өмір сүретін халықтың денсаулығына зиян келтіреді. Біз Үкіметтің

мамандандырылған медициналық көмек және қаржылық қолдау түріндегі шараларын жеткіліксіз деп санаймыз. Мемлекеттің басты міндеті халықтың денсаулық жағдайы үшін осы жағымсыз салдарлардың алдын алу және оларды барынша жою деп білеміз. Қазақстан Республикасындағы қалдықтармен жұмыс істеу жүйесінің кемшіліктерін барынша тиімді жоя алатын жаңа өзгерістерді неғұрлым белсенді енгізу қажеттігі бар» екендігін алға тартады [34].

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін де Қазақстанда пайда болатын өнеркәсіптік қалдықтардың көлемі өсуге бейім, бұл жағдайды одан сайынушыға түсті. Жыл сайын 900 миллион тоннадан астам өнеркәсіптік қалдықтар өндіріледі [35].

Мемлекет осы саладағы қойылған міндеттерді орындау мақсатында және Қазақстан экономикасын «жасыл экономикаға» ілгерілету үшін Үкімет «энергияны ысырап ету» жобасын әзірледі. Жобаның негізгі идеясы-жаңартылатын энергия көздеріне ұқсас электр энергиясын өндіру үшін қалдықтарды жағу. Сондай-ақ, бұл жоба технологияларды енгізуге және қалдықтарды қайта өңдеп, кейіннен оны және кәдеге жарату саласына инвестициялар тартуға серпін береді. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің айтуынша: «Тұтастай алғанда, бұл тетікті енгізу алдағы бірнеше жылда өртеу саласына кемінде 500 миллион доллар тартуға мүмкіндік береді. 2025 жылға қарай жылу пайдалану үлесін жалпы көлемнен 30% - ға дейін ұлғайту жоспарлануда» [35].

Бүгінде елімізде қалдықтарды басқару саласында қызмет атқаратын ведомстволық бағынысты мемлекеттік органдардың саны көп.

Бұл бағытта мәслихат –«облыстық деңгейде және өңірлік деңгейде жұмыс істейтін жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы өкілді орган болып табылады. Олардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі құзыреті қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану» жөніндегі бағдарламаларды, жергілікті бюджет шығыстарын, қоршаған ортаны ластағаны үшін жыл сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін бекіту, сондай-ақ аумақта қолданылатын міндетті экологиялық нормаларды қабылдау болып табылады.

«Облыстардың жергілікті атқарушы органдарында қоршаған орта саласындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін негізгі жауапкершілік Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды басқару департаменттеріне жүктелген.

Олар негізгі қызметтеріне:

- жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын экологиялық бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;
- табиғи ресурстарды пайдалануға рұқсат беру;
- өз құзыретіне кіретін объектілерге қатысты мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру;
- табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету және қалаларды абаттандыруды қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін әзірлеу;

- қоршаған ортаға әсерді бағалау кезінде қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру;

- қоршаған ортаға елеусіз әсер ететін нақты объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптаманы құжаттамалық ресімдеу»

- елді мекендерді күтіп ұстауды бақылаужатады» [4].

Алайда, жергілікті атқарушы билік органдарының бөлімшелері экологиялық талаптардың сақталуына жағдай жасау бойынша жүктелген міндеттерін орындамайды және жеке кәсіпкерлік субъектілерін табиғат қорғау заңнамасының сақталуына тексермейді.

Осылайша, Үкіметке, министрліктерге және оларға ведомстволық бағынысты органдарға, өнеркәсіптік компанияларға және Қазақстан халқының өзіне қалдықтармен жұмыс істеудің кешенді және тиімді жүйесін құру қажет.

Қазақстан қалдықтармен жұмыс істеудің кешенді және тиімді жүйесін құру үшін осы саланы реттейтін негізгі заңдық құжаттар жетілдіру қажет. Қазіргі еліміздің экологиялық заңнамасында қалдықтар бірнеше түрге: тау-кен өндіру өнеркәсібінің қалдықтары, радиоактивті қалдықтар, қалдықтардың жекелеген түрлері, олар: медициналық қалдықтар, биологиялық қалдықтар болып бөлінеді. Сәйкесінше экологиялық заңнамада қалдықтардың жекелеген түрлері бойынша қалдықтарды басқаруға қатысты экологиялық талаптар бар. Мысалы: қауіпті қалдықтарды басқару бойынша (ҚР ЭК, 344-б.) қойылатын экологиялық талаптардың біріне арнайы берілетін экологиялық рұқсаттан бөлек, осы қалдықтардың қауіпті түрлері жер қойнауларына немесе пайдалы қазбалары бар орындарда көмілетін жағдайда жер қойнауын пайдалану бойынша арнайы мемлекеттік мекеменің келісімі қажет етіледі. Бұл ретте тиісті мемлекеттік мекемелер тек өздерінің қарайтын арнаулы әкімшілік баптарымен ғана әкімшілік істі қозғап, өзге бұзушылықтарға мән бермейді. Сол сияқты коммуналдық қалдықтарды басқаруға (ҚР ЭК 365-б.) қатысты қойылатын экологиялық талаптардың да өзіндік ерекшелігіне құрылыс қалдықтарының коммуналдық қалдықтарға жатпайтындығы, ал қазіргі таңда мемлекеттік мекемелер жауапкершілікке тарту кезінде бұл мән-жайларды ескермей, қалдықтардың түрін де анықтаймай бірдей жауапкершілік қолданады. Бұдан бөлек радиоактивті қалдықтар түрлерін басқару (ҚР ЭК 370-б.), құрылыс саласындағы қалдықтарды басқару (ҚР ЭК 376-б.), медицина саласында қалдықтарды (ҚР ЭК 377-б.) басқару бойынша қойылатын экологиялық талаптар түрлері сан алуан және олар біріне бірі ұқсамайды.

Алайда, бізде қазіргі таңда осы саладағы құқық бұзушылықтарды қарайтын жергілікті экология департаменттері осы бұзушылықтарға жол берген тұлғаларға қатысты оларды бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК 344- бабына сәйкес, қалдықтарды басқару кезінде экологиялық талаптарды бұзғаны үшін бірыңғай бір ғана жауапкершіліктің түрін қолданады. Сәйкесінше қоғамдық қауіптілік дәрежелері, экологияға келтіретін залалдары мен бұзушылықтың күрделілігі ескерілмей бәріне бірыңғай айыппұл салынады. Осыған байланысты қалдықтардың әр қайсысы бойынша олардың экологияға келтіретін залалдың

күрделілігін ескеріп әкімшілік жауапкершілік жеке дара қарастырылу қажет деп есептеймін. Себебі, коммуналдық қалдықтарды жинайтын, оны тасымалдайтын мекеменің кірістері мен құрылыс саласындағы, медицина саласындағы, тау-кен өндірісі саласындағы қызметтердің кірістері бір-бірінен ерекшеленеді және олардың қызметінен де шығаттын қалдықтардың қауіптілік дәрежелері экологияға әр түрлі әсер етеді.

2. Құқық қорғау органдарының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметі

2.1. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етудегі прокуратура органдарының рөлі мен маңызы

«Экологиялық кодекстің жаңа ережелерін әкімшілік және қылмыстық мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігі тұрғысынан талдау маңызды.

Табиғатты қорғау органдары айыппұлдарды құқықтық қорғау құралына айналдырудың орнына санкциялардың барлық құралдарын толық пайдаланатын стратегияларды ілгерілету арқылы әкімшілік мәжбүрлеудің тежеу әсерін күшейтуі керек.

Осы проблемаларды шешуде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары шешуші рөлді атқаруға тиіс» [36].

Қалдықтар саласындағы құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтау, олар бойынша ықпал ету шараларын қабылдау, осы тектес құқық бұзушылықтарды алдын алу міндеті еліміздің құқық қорғау органдарына жүктелген.

Бүгінде еліміздің құқық қорғау органдары жүйесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарды қарайтын арнайы органдар құрылды. Солардың бірі – Табиғат қорғау прокуратуралары болып табылады.

Қазақстан Республикасында прокуратура органдары қалдықтармен жұмыс жасау барысында экология саласындағы барлық заңдар талаптарының сақталуына қадағалау жүргізе отырып, шешуші рөл атқарады. Олар осы саладағы негізгі бақылаушы және қадағалаушы орган болып табылады. Прокурорлардың жұмысы қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңдылықты қамтамасыз етуге және бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 2-бөлігіне сәйкес «Қазақстан Республикасының прокуратурасы Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді» [37].

Қазақстан Республикасында прокуратураның негізі құзыреттері «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған. Оның 6 – бабына сәйкес:

«Прокуратура органдары жүктелген міндеттер шегінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Конституциялық заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес:

- мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысандарына қарамастан өзге де ұйымдар қызметінің, сондай-ақ олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің;

- әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізудің;

- сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздістіру және қарсы барлау қызметінің;
- атқарушылық іс жүргізудің;
- заңдық күшіне енген сот актілерінің;
- қылмыстық жазаларды орындаудың және мемлекеттік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудың;
- мемлекеттік құқықтық статистиканың және арнайы есепке алуудың;
- Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін сақтаудың заңдылығын жоғары қадағалауды;

2) сотта мемлекет мүдделерін білдіруді;

3) қылмыстық қудалауды;

3-1)

заңсыз иемденілген активтерді анықтау және мемлекетке қайтару жөніндегі қызметті (бұдан әрі – активтерді қайтару);

4) қылмыстық-құқықтық салада халықаралық ынтымақтастықты, шет мемлекеттердің құзыретті органдарында және халықаралық ұйымдарда қылмыстық қудалау, активтерді қайтару мәселелері бойынша, шетелдік және халықаралық соттарда (төреліктерде) прокуратураның құзыретіне жататын, оның ішінде активтерді қайтаруға байланысты азаматтық талап қоюды шетелдік соттарға беру жөніндегі мәселелер бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіруді, халықаралық шарттар жасасуды, қылмыстық-құқықтық саладағы және активтерді қайтару саласындағы халықаралық шарттардың жобалары келісуді;

5) нормашығармашылық қызметке қатысуды;

б) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де құзыретті жүзеге асырады» [38].

Бұл ретте еліміздің барлық өңірлерінде әр саладағы заңдылықтың бірыңғай сақталуына мүмкіндік беретін прокурорлардың құзыретіне жататын сұрақтар бойынша бұзушылықтың тәуекел дәрежесін бағалау парақтарын жасақтау қажет деп есептеймін.

Қалдықтар саласындағы прокуратура органдарының қызметіне келетін болсақ, олар қалдықтарды басқару мәселелерімен айналысатын басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен белсенді ынтымақтасады. Олар осы саладағы заңнаманы әзірлеуге және жетілдіруге қатысады.

Қазақстан Республикасында табиғат ресурстарын қорғауға қатысты заңдардың орындалуына прокурорлық қадағалауды арнайы Табиғатты қорғау прокуратураларымен жүзеге асырылатындығын айта кету керек. Прокурорлар экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында басқа мемлекеттік органдармен бірлескен шаралар жүргізіп, кінәлі адамдардың жауапкершілігі және олар келтірген материалдық залалды өндіріп алу туралы мәселелерді қарастырады.

Бұл ретте прокурорлық қадағалау практикасы елдегі өзекті мемлекеттік міндеттерді, заңнаманың өзгеруін және күрделі экологиялық жағдайды ескере отырып, үнемі жетілдірілуі қажеттігін айта кету керек. Прокурорлар кең ауқымды мәселелерді, оның ішінде экологиялық қауіпсіздікке әсер ететін бұзушылықтарды жүйелі түрде назарда ұстауы қажет.

Экологиялық саладағы заңдылықтың жай-күйін талдауда мемлекеттік экологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдардың қызметінде көптеген кемшіліктер мен олқылықтардың үнемі анықталып отырады.

Мамандандырылған табиғат қорғау прокуратураларының жүйесі экологиялық құқықтық тәртіпті нығайтуда, табиғатты қорғау заңнама талаптарын орындалысын қадағалауда орны ерекше. Мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен тұрмыстық және өндірістік қалдықтар саласында заңдылықтың сақталуына қадағалау жүргізу нәтижесінде иесіз қалдықтар анықталып, оларды жою бойынша шаралар алынады. Мысалы, Астана қаласы аумағы бойынша прокуратура органдарының қадағалау актісі негізінде 2023 жылы 96 000 тоннаны құрайтын 13 құрылыс қалдықтарының заңсыз орналастыру деректері анықталып, жойылған.

Соңғы үш жылда еліміздің прокурорларымен табиғатты қорғау саласындағы заңнаматалаптарының сақталуына қатысты 192 тексеру жүргізілген, оның ішінде 9-ы атмосфералық ауаны қорғау саласында.

Нәтижесімен екі мыңға жуық заң бұзушылық анықталған. Қадағалау актілері бойынша келтірілген залалдар өндіріліп, кінәлі тұлғалар әртүрлі жауапкершілік түрлеріне тартылды, оның ішінде қылмыстық істер де қозғалды. Табиғатты қорғау прокурорлары анықтаған ең көп таралған құқық бұзушылықтарға ауаның ластануы, заңсыз тау-кен өндірісі, рұқсат етілмеген табиғи қоқыс үйінділерін қалыптастыру жатады [39].

Мысалы, Батыс Қазақстан облысында оннан астам мұнай өндіруші компания жұмыс істейді. Жекелеген жер қойнауын пайдаланушылар ұңғымаларды бұрғылау кезінде пайда болатын қауіпті қалдықтарды арнайы полигондарға орналастырмай, рұқсат етілмеген жерлерде, оның ішінде ауылдардың жанында, мемлекеттік қаумалдарда, қала маңдарында және саябақ аймақтарында, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің аумақтарында заңсыз орналастырған.

Бұл дерек бойынша облыс тұрғындары уәкілетті органдарға жүгініп, тиісті шаралар қабылданбауына байланысты облыс прокуратурасымен тексеруге бастамашылық етілді. Нәтижесінде, табиғатқа және халықтың денінің саулығына зиян келтіретін бұрғылау шламының улы қалдықтарын заңсыз орналастыру фактілері расталды.

Тексеру нәтижесінде прокуратура органдарымен экологиялық заңнаманы бұзғаны және экологияға келтірген залалы үшін қылмыстық іс қозғалды. Аталған қылмыстық іс шеңберінде республикамызда алғаш рет заңсыз орналастырылған қалдықтардың шығу көзін анықтауға арналған экологиялық

сот сараптамасы жүргізілді. Бұл сараптама аталған қылмыстың орын алғанын растайтын негізгі дәлел көзі болды.

Барлық кінәлі адамдар қалдықтарды заңсыз орналастырғаны және қоршаған ортаны ластағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Сотталушы тұлғалардан келтірілген залал толық көлемде өндірілді. Осылайша прокуратура органдарының бастамасымен жүргізілген тексеріс өз нәтижесін берді.

Экологиялық даулар әдетте мемлекет пен қоғамның мүдделерін қозғайды, сондықтан экологиялық құқық бұзушылықтар бойынша сот істері прокурордың міндетті қатысуымен қаралады.

Қазақстан Республикасының заңнамасы қоршаған ортаға байланысты мәселелерді шешуге жұртшылықтың қатысу мүмкіндігіне кепілдік береді. Өз кезегінде, еліміздің прокуратура органдары өз қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында жедел жариялап отырады.

2018 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін еліміздің экологиялық департаменттерінде ғарыштық мониторинг жұмыс істейді, ол бүгінде 39 елді мекенді қамтиды. Ғарыштық мониторинг нәтижелерін тиісті қызметтер гео-сервис арқылы бақылайды, онда қалдықтарды сақтау орындары көрсетіледі. Ғарыштық мониторинг қызметі полигон түрін, суретке түсіру күнін және аумақтық тиесілігін анықтауға және оған мамандардың түсініктеме беру мүмкіндігін қарастырады [40].

Мысалы, 2022 жылғы 19 сәуір мен 18 мамыр аралығында Алматы қаласы бойынша экология департаментімен «KazEcoPatrol» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтініші және мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасының ұсынысы негізінде «Қазферросталь» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілді [41].

Тексеру нәтижелері бойынша:

1. Кәсіпорының рұқсат құжаттарының жоқ екендігі, Кіші Алматы өзенінің су қорғау белдеуіндегі жер учаскесінде аса ірі көлемде қара металдардың қалдықтарын және металлургиялық қожды көмгендігі;

2. қалдықтар көмілген учаскесінің жалпы ауданы 3,1 га құрайтындығы, балқытудан заңсыз көмілген қождың жалпы көлемі-125 616, 43 м³ екендігі;

3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасында, Қазақстан Республикасының қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптар саласындағы заңнамасында, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау туралы гигиеналық нормативтерде көзделген нормаларды бұзғандығы, сәйкесінше осы жер учаскесіндегі және Кіші Алматы өзенінің іргелес аумағындағы экожүйені бұзғандығы анықталды.

Тексеріс нәтижесімен:

1. ҚР ӘҚБтК 332-бабының 1-бөлігі және 334-бабының 3-бөлігі бойынша екі әкімшілік хаттама жасақталып және 1 млн теңгеден астам көлемде айыппұл салынды. Кәсіпорын айыппұлдарды өз еркімен төледі.

2. ҚР ӘҚБтК 344-бабының 2-бөлігі бойынша әкімшілік хаттама жасақталып. Келтірілген залал көлемі мемлекет пайдасына өндірілді. Бұл ретте аталған баптың санкциясы экономикалық пайда есебінен есептелетінін айта кеткен жөн.

Бұдан бөлек, Петропавлда 2024 жылы 25 рұқсат етілмеген қалдықтарды орналастыру орны анықталды. Сонымен қатар, 2023 жылы экологтар аймақтағы барлық анықталған табиғи полигондарды толығымен жойды. 2022 жылы өңірде ғарыштық мониторинг арқылы 232 рұқсат етілмеген полигон анықталды. Олардың 224-і немесе 98 пайызы жойылды.

Солтүстік Қазақстан облысының экология департаменті облыстық прокуратурамен бірлесіп, 2023 жылы Солтүстік Қазақстан облысының аумағында қалдықтарды орналастырудың рұқсат етілмеген орындарын жою жоспарын әзірледі.

Осы бағытта прокуратура органдарымен бірлескен мобильді жұмыс тобы құрылып, оған экология департаментінің қызметкерлері, полиция қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кірді. Мобильді жұмыс тобы рұқсат етілмеген полигондарды анықтау және түгендеу мақсатында Петропавл қаласының, Қызылжар, Жамбыл, Есіл аудандарының инспекциясы өткізді [42].

Петропавл қаласы бойынша да 25 заңсыз қоқыс үйінділері, Қызылжар ауданы бойынша - 12, Жамбыл, Есіл аудандары - сегіз рұқсат етілмеген қалдықтарды орналастыру орны, оның ішінде үшеуі белгіленген шекараны бұза отырып орналастырғаны анықталды.

Оларды жою және кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту үшін тиісті жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде 47 полигонның 10-ы жойылды [42].

Өңірде заңсыз полигондар ғана емес, сонымен қатар рұқсат құжаттарымен заңды деп танылған полигондарда да заңдылықты бұзушылықтар анықталып отырады. Олардағы негізгі бұзушылықтар қалдықтарға арналған полигондардың санитарлық сақтық шараларын сақтамау мен қойылған басқа да талаптарға сәйкес келмеуі.

БАҚ жарияланған деректерге сәйкес, Петропавл қаласында орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны 1996 жылдан бері жұмыс істейді. Оның жобалық қуаты бір жарым миллион тоннаны құрайды. Мұнда күн сайын шамамен 160 тонна қоқыс әкелінеді, сәйкесінше ол бүкіл елді мекенге таралады.

Сонымен қатар, бұл жерде облыс орталығындағы атмосфералық ауаның тұрақты ластану көзі болып табылатын жиі өрт орын алады. Одан шыққан түтін осы аудандардың тұрғындарына көптеген қолайсыздықтар әкеледі. Бұл полигонның сыйымдылығы 2023 жылдың басында 87% құрады және 2024 жылы оның қызмет ету мерзімі аяқталады.

Соңғы төрт жылда азаматтардың өтініштері негізінде полигонда алты тексеру жүргізілді. 2023 жылы жоспардан тыс тексеру нәтижесінде мамандар тағы да көптеген бұзушылықтарды анықтады, олар:

- қоқыс полигонындарындағы коммуналдық қалдықтардың өртенуі;
- ҚТҚ сұрыптау ішінара жүргізілуі;
- кәсіпорындардың полигонда қалдықтарды жинау технологиясын сақтамауы (оқшаулағыш қабаты болмауы);
- қалдықтардың тыйым салынған түрлерін қабылдауға және көмуге жол берілуі.

Сонымен қатар, 2022 жылы Қызылжар ауданы Бәйтерек ауылының маңында рұқсат етілмеген қалдықтар үйінділері бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, онда да бұзушылықтар анықталды.

Бұл рұқсат етілмеген қалдықтар үйінділерінің пайда болғанына шамамен алты жыл болған. Сот шешімімен ауылдық округ әкімдігінің аппараты 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін аталған қалдықтар үйінділерін жоюға міндетті деп тапты. Алайда полигон бүгінші күнге дейін жойылмаған.

Облыстың мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімін орындау ақшалай қаражаттың болмауына байланысты екі рет кейінге қалдырылды. Соңғы кейінге қалдыру жергілікті атқарушы органның өтініші бойынша 2023 жылдың шілдесіне дейін берілді [42].

Қалдықтар саласындағы мемлекеттік органдар тарапынан атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға қарамастан еліміздегі тұрмыстық және өндірістік қалдықтар саласындағы мәселелер өзектілігін жоғалтпай келеді. Заңсыз төгілген қалдықтарды жою үшін жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік бюджеттен ірі көлемдегі қаражаттар бөлумен ғана шектеледі. Алайда бұл мемлекет экономикасына ауыртпалық тудыратыны сөзсіз. Сондықтан жергілікті атқарушы органдар қолданыстағы заңнамалық актілер талаптарын бұлжытпай сақтаған жағдайда ғана бұл саладағы кемшіліктер жойылады деп есептеймін. Қазіргі таңда тәжірибеде прокуратура органдары кінәлі тұлғаларды тек жауапкершілікке тартып, қалдықтар орнының тазаланғандығы туралы жергілікті атқарушы органдардың есеп берулерімен шектеледі. Алайда осы құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында нақты шаралар қабылданбайды. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдарың лауазымды тұлғаларын осы бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заңнамалық актілерде көрсетілген тиісті міндеттерін орындамағаны үшін, яғни «салғырттық» немесе «әрекетсіздігі» үшін бөлек жауапкершілік көзделуі қажет деп есептеймін.

Мысалы, «Қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығы ескеріле отырып, міндетті бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы №482 бұйрығының 19-бабында жергілікті атқарушы органдар жеке тұлғаларға (тұрғындарда) түзілетін құрылыс және ірі габаритті қалдықтар үшін алаңы кемінде 12 м² жабыны және қоршауы бар орын ұйымдастырады» делінген [43].

Алайда, тәжірибеде бұл талаптар бірыңғай барлық жерде сақталмайды. Прокуратура органдарымен қалдықтар саласындағы қадағалаудың басым көпшілігі әдетте әлеуметтік желілерде немесе тұрғындардың арыз-шағымдары тіркелген кезде ғана жүргізіледі және көпшілік жағдайда бұл арыз-шағымдар бойынша іс-шаралар жүргізу үшін жергілікті әкімдіктерге немесе полиция органдарына жолданады. Нәтижесінде полиция органдары әкімшілік жауапкершілікке тартумен, ал әкімдіктер қалдықтарды тазартумен аяқталады. Көріп отырғанымыздай прокуратура органдары тек салдарын жоюмен ғана айналысады ал осы бұзушылыққа жол берген тұлғалар жауапкершілікке тартылмайды. Өз кезегінде қалдықтар оларды тастайтын орындардың болмауынан немесе олардың жетіспеушілігінен орын алады. Сәйкесінше жоғарыда аталған міндеттеріне сәйкес әкімдіктер арнаулы орын қарастырса бұл жағдайды болдырмауға болады деп санаймын. Сондықтан прокуратура органдары бұл бағытта қадағалау жүргізу кезінде тек тазалаушы мекемелерді ғана жауапкершілікке тартумен ғана шектелмей, әкімдіктердің де міндеттерін тиісінше орындамау сияқты мән-жайларға назар аударса бұл саладағы проблемалық мәселелер шешімін табады деп есептеймін. Бұл ретте прокуратура органдары құқықтық актілерде көзделген талаптардың біркелкі орындалысын назарда ұстау керек деп санаймын.

Бұдан басқа, қазіргі таңда қолданыстағы құқықтық актілер прокуратура органдарына осы саланы толыққанды, жан-жақты қадағалауға мүмкіндіктер бермейді деп санаймын.

Қоғамдық мүдделерді қорғау бағытында прокуратура өз құзыреттерін Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңына және «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №32 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

Осы бұйрықтың 34-тармағында:

«34. Прокурорлар жарты жылда бір рет мынадай:

- 1) бюджет қаражатын жұмсаудың заңдылығы мен тиімділігі;
- 2) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (оның ішінде мемлекеттік) сатып алуды жүзеге асыру;
- 3) салық заңнамасын қолдану;
- 4) экологиялық заңнаманы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы қолдану;
- 5) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды адамдары тарапынан олардың қызметіне араласу фактілері бойынша ауызша (оның ішінде прокуратура органдарының жанындағы бизнесті қорғау жөніндегі мобильді топтар шеңберінде келіп түскен) және

жазбаша жолданымдарын қарау мәселелері бойынша талдау жүргізеді» делінген [44].

Біздің ойымызша прокуратура органдарымен жүргізілетін талдаулар тізімі шектелген және экологиялық заңнама саласына қатысты жүргізілетін талдау тұтыну қалдықтарына қатысты проблемалық сұрақтарды толық қамтымайды деп санаймын.

Себебі, қазіргі кезде тамақтану саласындағы қызметтің арта түсуі елді мекендерді тұтыну қалдықтарымен ластаудың негізгі көзі болып отыр. Бұған дәлел әлеуметтік желілерде жариялатын жарияланымдар және тұрғындардан прокуратура органдарына келіп түсетін арыз-шағымдар.

Өз кезегінде, «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығының 6-тарауы тұтыну қалдықтарын жинауға және сақтауға қойылатын талаптарын, атап айтқанда өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қарастырады [45].

Алайда, экология саласындағы заңда көделген талаптардың орындалысына қадағалау жүргізу кезінде прокуратура органдарымен аталған сұрақтар шешілмейді. Бұл сұрақтар тек заңды негізде жүргізілетін тексеріс шеңберінде ғана қаралуға жатады. Себебі, прокуратура органдарымен қадағалау жүргізу кезінде олардың қызметін реттейтін негізгі құқықтық актіде санитариялық талаптарының сақталуы мәселелері бойынша тұрақты талдау жүргізу қарастырылмаған.

Қазіргі таңда жоғарыда аталып өткендей халықтың бұқаралық ақпарат құралдарында, прокуратура органдарына келіп түсетін арыз-шағымдарының бірі осы санитарлық талаптардың сақталмауына қатысты болып келеді. Мысалы, зерттеу шеңберінде прокуратура органдарына келіп түскен арыз-шағымдар қаралып, анықталғаны: тұрғын-үйлерге арналған қоқыс тастайтын контейнерлерге тамақтану орындары, мысалы, кафе-мейрмханалардан шыққан үлкен көлемдегі қоқыстар тасталады. Бұл бойынша прокуратура органдары жергілікті атқарушы органға және ішкі істер органдарына тиісті тапсырма беріп, нәтижесінде қоқыс жинайтын мердігер мекемеге айыппұл салынып, қалдықтар орны жергілікті атқарушы органмен тазаланады. Алайда, тамақтану орындарына қатысты жауапкершілік тағайындалмайды. Сондықтан, прокуратура органдарының қоғамдық мүдделерді қадағалау саласын реттейтін негізгі бұйрыққа өзгерістер енгізу, атап айтқанда санитарлық қағидалардың сақталу мәселелерін прокурорлық талдау жүргізу тізіміне енгізу қажет деп есептеймін.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған бұйрықтың 34-тармағын 6-тармақшамен толықтырып, келесі редакцияда ұсынамын:

Прокурорлар:

1) бюджеттен бөлінген қаражаттарды жұмсау кезінде заңдылықтың сақталуына қатысты;

2) мемлекеттік сатып алу бойынша заңнама талаптарының сақталуына қатысты;

3) салық саласындағы заңдылықтың сақталуына қатысты;

4) экология саласындағы құқықтық актілер талаптарының, оның ішінде төтенше жағдайларды болдырма, орын алған жағдайда олардың салдарын жою, жер қойнауы және саласындағы заңнама талаптарының сақталуына қатысты;

5) жеке кәсіпкерлердің өз кәсіптерін жүргізу кезінде мемлекеттік органдар тарапынан олардың қызметіне араласуын, заңсыз тексерістерді ұйымдастыру, заңсыз талаптар мен міндеттерді жүктеу деректері бойынша арыз-шағымдарын қарау бойынша жарты жылда бір рет талдау жүргізіп отырады.

б) Санитарлық қағидаларды сақтау мәселелері бойынша жылына бір рет талдау жүргізеді.

Қалдықтар саласында санитарлық талаптардың сақталуына қатысты прокурорлық қадағалауды тұрақты түрде жүзеге асыру өз кезегінде қоғамдық объектілері тарапынан қоршаған ортаны қалдықтармен ластау деректерін азайтуға ықпал етеді деп санаймын.

Бірнеше жыл бойы Бас прокуратураның веб-сайтында жарияланған мәліметтерге жүргізілген талдау нәтижесі табиғатты қорғау прокурорларының қызметі көпшілік жағдайда әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша салынған айыппұлдарды дер кезінде мемлекетке өндіру бойынша жүргізілетінін көрсетті.

Тек 2007 жылдан бастап табиғатты қорғау прокурорлары осы саладағы қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттеріне қадағалау жүргізу және оны сотқа жолдау құқығына ие болды.

Алайда, экологиялық қылмыстарды анықтау үшін табиғатты қорғау прокуратурасының мүмкіндіктері өте шектеулі.

Бұл ретте жоғарыда ұсынылған әкімшілік заңнамаға қатысты өгерістерден бөлек прокурорлық қадағалау жүргізу кезінде қатты тұрмыстық қалдықтарды рұқсат беру құжаттамасынсыз орналастыру объектілеріне ерекше назар аудару қажет. Осы фактілер бойынша жергілікті атқарушы органдардың қатысы бар лауазымды тұлғаларын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту ұсынысымен заңнамаға тиісті түзетулер енгізу қажет деп санаймыз.

2.2. Ішкі істер органдары мен өзге де құқық қорғау органдарының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметінің ерекшеліктері

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасындағы экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес, оның ішінде қалдықтарды басқару мәселесі өзекті болып қала береді.

Бұл ретте ішкі істер органдарының қалдықтар саласындағы құқық бұзушылықтармен күресуде атқаратын қызметі туралы айта кету керек.

Қазақстан Республикасында қалдықтармен жұмыс істеу кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз етудегі полиция органдарының рөлі баға жетпес. Олардың қызметі арқасында осы саладағы бұзушылықтардың алдын алуға, қоршаған ортаны және адамдардың денсаулығын қорғауға болады. Полиция органдары Қазақстан Республикасы халқының өміріне және денсаулығын теріс әсерлерді болдырмау мақсатында қоршаған ортаның тазалығы және қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды сақтау үшін күресуде.

Соңғы үш жылда құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдармен бірлескен жұмыс нәтижесінде рұқсат етілмеген полигондар санының төмендеуі байқалады.

Мәселен, «2023 жылы 5533 заңсыз қалдықтар үйінділері анықталған болатын, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 38%-ға кем (2020 жылы-8884, 2021 жылы-7328, 2022 жылы-5683). Оның ішінде 86% немесе 4733 заңсыз қалдықтар үйінділері жойылды» [46].

Аумақтық полиция органдары үнемі заңсыз орналастырылған қоқыстарды анықтау бойынша рейдтік іс-шаралар өткізеді.

«2023 жылы стихиялық қоқыстарды жою бойынша шаралар қолданбағаны үшін жергілікті атқарушы органдардың 152 лауазымды тұлғасы жалпы сомасы 17 млн теңгеге әкімшілік жауапкершілікке тартылды» [46].

Құқықтық тұрғыдан ҚР Ішкі істер органдары экологиялық құқық бұзушылықтардың негізгі жіктемесін қоғамдық қауіптілік дәрежесі бойынша жүргізеді – бұл қылмыс, қылмыстық теріс қылық және әкімшілік бұзушылық.

Қылмыстық құқық қолдану саласындағы ішкі істер органдарының мүмкіндіктері негізінен жеке адамдар жасаған экологиялық қылмыстармен, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқық қолдану қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар ұсынған материалдармен шектеледі.

«ҚР Ішкі істер органдары туралы» Заңына сәйкес, ҚР Ішкі істер органдары адамдардың және азаматтардың өмірі мен денсаулығын, құқықтарын және бостандықтарын, жалпы алғанда еліміздің мүдделерін қол сұғушылықтың кез келген түрінен қорғауға, қоғамдық, оның ішінде ортақ пайдаланатын орындарда қауіпсіздікті қамтамасыз етіп отыратын құқық қорғау органы болып табылады [47].

Аталған заңға сәйкес полиция қызметкерлері өз құзыреті шегінде табиғатты қорғау іс-шараларына қатысады.

Өз кезегінде, полиция органдары әр аумаққа бекітілген учаскелік полиция инспекторларынан, кәмелетке толмағандарға қатысты істерді қараумен айналысатын, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен айналысатын полиция бөлімдерінен, патрульдік полиция, табиғат қорғау саласына қатысты сұрақтарды қарайтын, одан бөлек құқық бұзушылықтарды

алдын алумен айналысатын, қоғамдық тәртіпті сақтау, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы қызметтерді жүзеге асыратын полиция бөлімшелерден тұрады.

Жергілікті ішкі істер органдарының табиғатты қорғау саласындағы қызметінің негізгі бағыттары «Табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1096 бұйрығымен реттеледі[48].

Аталған бұйрық полиция инспекторларының табиғатты қорғау іс-шараларына қатысуы бойынша негізі қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін қарастырады.

Табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының негізгі міндеттері, функциялары және құзыреттері болып:

«1) табиғатты қорғау саласындағы мемлекеттік органдармен бірлесе отыра, тізімі ҚР экология кодексінде айқындалған табиғатты қорғауға қатысты арнайы іс-шараларға қатысу;

2) қоршаған ортаны, оның ішінде жануарлар әлемін қорғау, олардың өнімдерін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын негізгі мемлекеттік органдарға осы саладағы құқық бұзушылықтардың алдын алып, олардың жолын кесу, орын алған бұзушылықтарды анықтау бойынша жәрдем ету;

3) орын алған табиғат қорғау саласындағы бұзушылықтар бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту және қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу;

4) осы саладағы құқық бұзушылықтарды болдырмау олардың жолын кесу мақсатында рейдтік және өзге де іс-шараларды жүзеге асырутабылады» [48].

Экологиялық құқық бұзушылықтарға қатысты Табиғат қорғау полициясының инспекторлары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша хаттамалар толтырады, кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартады, экологиялық қылмыстар бойынша қылмыстық істерді тіркейді, ашады және дербес тергеуді жүргізеді, бұдан бөлек жедел-іздік қызметін де жүргізуге өкілеттік берілген

Көріп отырғанымыздай Табиғат қорғау полициясының қызметін реттейтін қолданыстағы бұйрық табиғат қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу бойынша шаралардың тізбесін қамтымайды, яғни табиғатты қорғау іс-шараларының нақты тізбесі айқындалмаған. Сәйкесінше қазіргі таңда табиғат қорғау полициясының негізгі қызметі әкімшілік құқық бұзушылық өндірісін қозғау, олар бойынша жауапкершілік тағайындаумен шектеледі.

Мысалы, әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізілімін электрондық базасындағы мәліметтерге сәйкес ҚР ӘҚБтК-нің 505-бабымен, яғни қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру

қағидаларын бұзу, жасыл екпелерді жою және бүлдірудерегі бойынша Астана қаласының өзінде ғана 2022 жылы-19 213 құқық бұзушылық тіркелсе, 2023 жылы –19 312 құқық бұзушылық тіркелген. Тәжірибе көрсеткендей ҚР ӘҚБтК-нің 505-бабымен тіркелетін әкімшілік құқық бұзушылықтардың басым көпшіліктің ортақ пайдалатын орындарын құрылыс қалдықтарымен ластау дерегі бойынша тіркеледі. Бұл ретте ҚР ӘҚБтК-нің 505-бабы бойынша өзге фактілер назардан тыс қалады және статистиканың нақтылығына кедергі келтіріледі.

Бұл құқық қорғау органдары қызметінің әкімшілік-құқықтық аспектілері ретінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің нормаларын жетілдіруді талап етеді.

Мысалы, ҚР ӘҚБтК-нің 434-2 бабының 1-бөлігінде:

«Ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау -бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді» делінген [49].

Осыған байланысты, ҚР ӘҚБтК-нің 434-2 бабы, яғни ортақ пайдаланылатын орындар мен саябақтарды, сонымен қатар скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау бабына құрылыс қалдықтарымен ластау дерегін біріктіру қажет деп есептеймін.

Бұл ретте, «Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрiнiң м.а. 2021 жылғы желтоқсандағы №508 бұйрығының 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, құрылыс қалдықтары коммуналдық қалдықтар қатарына жатпайды[50].

Сондықтан, ӘҚБтК-тің 434-2 бабын келесі редакцияда ұсынамын:
«434-2-бап. Ортақ пайдаланылатын орындарды ластау.

1. Ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды, құрылыс қалдықтарын тастау – 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді».

Өз кезегінде көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды енгізу аталған құқық бұзушылықтың нақты статистикасын шығаруға негіз болады деп есептеймін.

Қазіргі таңда қалдықтар саласын реттеуде мемлекетіміздің заңнамалық актілерінде осы саладағы құқық бұзушылықпен жеткілікті түрде күресу жолындағы полиция органдарының құзыреті толыққанды айқындалмаған деп санаймын. Олардың осы бағыттағы қызметі негізінен алдын алу емес, жауапкершілікке тартудан тұрады. Жоғарыда аталып өткендей, полиция органдарының қызметі ҚР ӘҚБтК-нің 434-2 және 505 –баптары бойынша, атап айтқанда адамдарға жалпыға ортақ пайдалануға арналған жерлерде коммуналдық қалдықтарды тастаған жағдайда және құрылыс қалдықтарымен

ластаған жағдайда ғана жауапкершілікке тартады. Ал, қалдықтарды заңсыз тасымалдау түрі бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылмаған. Ішкі істер органдары қылмыстық істі тек радиоактивті қалдықтар заңсыз тасымалдалған жағдайда ғана ҚР ҚК-нің 283-бабы бойынша ғана қозғай алады. Бұл өз кезегінде қалаларды жаппай ластаумен күресте заңнамалық актілерде барынша тиімді жолдарын қарастыруды талап етеді.

Алайда полиция органдарының қалдықтарды тасымалдау талаптарын бұзу деректері бойынша жауапкершілікке тарту құқығы көзделмеген және ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР ДСМ331/2020 бұйрығын тасымалдау талаптарын бұзу санитариялық қағидаларды бұзу болып табылатынын байқаймыз және бұл талапты бұзғаны үшін санитариялық қадағалау органдары, мемлекеттік кірістер органдары ғана әкімшілік жауапкершілікке тарта алады. Алайда, санитариялық қадағалау жөніндегі құзыретті орган тасымалданатын қалдықтарға бақылауды жүзеге асыру кезінде құқық бұзушылыққа дер кезінде әсер ете алмайды деп есептеймін. Өйткені аталған мемлекеттік орган өз қызметі аясында бақылауды арнайы жоспарланған, тиісті тіркеуден өткен тексеріс негізінде жүзеге асырады. Сонымен қатар, аталған мемлекеттік орган қалдықтарды тасымалдау кезінде тек санитариялық талаптарындың сақталу мәселелеріне қатысты бақылау жүргізеді. Ал заңсыз тасымалданатын қалдықтарға дер кезінде ықпал ету осы саладағы құқық бұзушылықты алдын алуды қамтамасыз етеудің бірден бір жолы болып табылады.

Бұл ретте Ресей Федерациясының тәжірибесіне сүйене отырып, қауіптілігі әр түрлі сыныпты қалдықтарды заңсыз тасымалдау үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу қажет деп есептеймін. Бұл ретте, көрші мемлекеттің тәжірибесі оң бағалауға тұрарлық. «Олар аталған бұзушылық орын алған жағдайда заңсыз тасымалдаумен айналысқан көлік құралын автотұраққа жеткізіп, айыппұл салу түріндегі жауапкершілік қолданады» [36].

Солардың біріне тоқталып өтетін болсақ, «2020 жылдың наурыз айында полиция органдарының инспекторлары рейдтік іс-шараларды өткізу барысында құрылыс қалдықтары бар екі автокөлікті ұстап, айыппұл тұрағына жібереді. Жүргізушілердің өзімен бірге жүкке ілеспе құжаттары, оның ішінде қалдықтарды тасымалдауға арналған қалдықтардың саны, мақсаты мен жеткізу орны көрсетілген қалдықтарға арналған паспорттары мен құжаттары болмаған. Сонымен қатар, көлік құралдары қалдықтарды тасымалдауға қойылатын талаптарға сәйкес жабдықталмаған. Анықтау барысында қауіптіліктің IV-V сыныптарының қалдықтарын шығару үйдегі ғимаратты бөлшектеу орнынан жүзеге асырылғаны анықталды. Нәтижесінде кінәлі тұлғаларға айыппұл салынып, көліктері айып тұрағына жеткізілді» [36].

Бұл тәжірибеге сүйене отыра, еліміздің әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасына қалдықтарды заңсыз тасымалдау бойынша жауапкершілікке тарту құзыретін полиция органдарына жүктеу бойынша арнайы өзгерістер мен толықтырулар қажет деп есептеймін. Өйткені, арнайы қосымшаларды,

солардың бірі «Ойл X» қосымшасын зерттеп қарайтын болсақ «қоқыс шығару» деген жарнамалар жарияланған осы салада қызмет көрсететін көптеген көлік иелерін байқауға болады. Олар қажетті арнайы жасақталған автокөлік құралдарын қолданбайды және тасымалданған қалдықтарды қайда жеткізетіндері беймәлім, олардың қалдықтарды қабылдайтын арнайы полигондармен келісім шартының болуына қалдағалау жоқ. Зерттеу көрсеткендей осы тәріздес қалдықтарды тасымалдайтын автокөліктерге тиелген қалдықтар заңсыз қоқыстар үйінділерінің көптеп пайда болу себептерінің бірі болып отыр.

Осы тектес бұзушылықтардың жолын кесу, оларды алдын алудың тиімді шешімі ретіне қолданыстағы әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасына полиция органдарының дер кезінде ықпал ете алатын өгертулер мен толықтырулар енгізуді қажет деп санаймын. Осыған байланысты, ҚР ӘҚБтК-нің 685-бабы 1-бөлігіне өзгерістер енгізіліп, ішкі істер органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау баптарына әкімшілік кодекстің 344 – бабының үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарау құзыретін беру қажет. Бұл ретте, ішкі істер органдары қалдықтарды заңсыз тасымалдау бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту мүмкіндігіне ие болады және бұл өзгеріс қалдықтар саласындағы заң бұзушылықтардың азаюына ықпал етеді деген сенімдемін.

Жалпы қалдықтарды басқару саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершілікке тартуды күрделендіретін кемшіліктер тұстары ретіндебірнеше факторларды келтіруге болады:

Қолданылатын жазалау шаралары тиімділігінің төмендігі: кейбір жағдайларда қалдықтарды басқару кезінде экологиялық ережелер мен стандарттарды бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғаларға, лауазымды адамдарға қатысты қолданылатын жазалар ережелерді сақтауға ынталандырмайды, себебі олар тым жеңіл немесе жеткіліксіз.

Кейбір бұзушылықтарда жауапкершілікке тарту қиынға соғады, оған себеп қалдықтарды басқару саласындағы бұзушылықтарды анықтау мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі, әсіресе қалдықтарды рұқсатсыз шығару, заңсыз көму жағдайында.

Қылмыстық әрекеттің жолын кесу мәселелерінде де қиындық туғызатын мәселелер кездеседі, мысалы қалдықтарды заңсыз орналастыру сияқты құқық бұзушылықтарды анықтаудың қиындығы.

Заңнамаға сәйкес осы саладағы құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершілікке тарту кезінде мемлекеттік органдардың құзыреттерінің шектеулігі.

Дәлелдемелерді жинаудағы қиындықтар жасырын түрде жасалатын заңсыз әрекеттер бойынша жауапкершіліктің шешілмей қалуында.

Бұл кемшіліктерді түзету қатаң заңдар мен ережелерді әзірлеуді, бақылау мен қадағалауды күшейтуді, құқық бұзушыларды қудалау мен жазалау әдістерін жақсартуды қажет етуі мүмкін.

2.3. Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге құқық қорғау органдарының қатысуының шетелдік тәжірибесі

Қоршаған ортаның ластануы және қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды сақтамау мәселесі халықаралық деңгейде өзекті болып отыр. Көптеген елдер экологияға төнетін жағымсыз әсерді азайту қажеттілігін мойындайды және экологиялық нормалар мен ережелердің сақталуын бақылау шараларын жүзеге асырады.

Ресей мемлекетінің тәжірибесіне тоқталатын болсақ, «соңғы жылдары көрші мемлекеттеде қайта өңдеу деңгейі төмендеп, қалдықтар көлемінің ұлғаюы нәтижесінде адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіпі өсе бастады» [36].

«Қалдықтармен жұмыс істеу кезінде орын алатын мәселелерді шешу жөнінде нәтижелі шаралар қолданбау, қалдықтарды кәдеге жарату мен қайта өңдеудің белгіленген жүйесінің болмауы оларды рұқсат етілмеген қоқыс полигондарында жиналуына, сонымен қатарөзендер мен көлдердің су қорғау аймақтарында, автомобиль және темір жолдардың бөлінген белдеулерінде, орман қоры учаскелерінде және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналастыруға әкеп соғады» [36].

«Ресей мемлекетінің прокурорлық тексерулердің нәтижелері өндіріс және тұтыну қалдықтарының айналымы саласындағы қызметі заңнаманың көптеген талаптарын бұза отыра жүргізілетінін көрсетті» [36].

«Осы саладағы негзгі, басты ерекшеліктердің бірі ретінде Ресей мемлекетіндегі «Өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы» қолданыстағы заңының болуын» айтуға болады. Арнайы заңның болуы прокурорлық қадағалаудың бірыңғай жүргізілуіне және сәйкесінше прокурорлық қадағалаудың сапасына оң ықпал етеді.

«Өйткені, аталған заңда осы саладағы сұрақтар толықтай қамтылған. Мысалы: құрылатын «қалдықтарды орналастыру объектілеріне рұқсаттардың болуы, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы есепке алу және есептілік жөніндегі функциялар тиісінше жүзеге асырылуы, қалдықтардың пайда болу нормативтерін және қалдықтарды орналастыруға арналған лимиттердізаңсыз белгілеу фактілеріне жол берілуі және т.б.» [36].

Зерттеліп отырған мемлекетте прокурорлыққадағалау аймағындағы заңдылықтың сақталуыныңкөрсеткіштері туралы ақпараттардың басым бөлігімаманданған арнайы органдардан алынады. Аталған елде тексеруге дайындық кезінде аумақтың санитарлық жағдайы, пайда болған, орналастырылған, пайдаланылған, залалсыздандырылған тұрмыстық және өндірістік қалдықтар туралы мәліметтерді қамтитын мемлекеттік органдардың баяндамалары мен статистикалық есептеріне талдау жүргізіледі.

Осы мақсатта Ресей мемлекетінде статистикалық байқаудың мемлекеттік нысандары бекітіледі, олар тексерілуге жататын объектінің санитарлық «жағдайы туралы мәліметтер, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының пайда болуы, қолданылуы, залалсыздандырылуы, тасымалдануы және орналасуы туралы мәліметтерді қамтиды.

«Прокурорлық қадағалау жүргізу мақсатында табиғатты пайдалану саласындағы қадағалау жөніндегі федералды қызмет және оның аумақтық органдарынан келесі ақпараттарды сұратылады:

- IV қауіптілік сыныбының қалдықтарын залалсыздандыру және орналастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялар туралы;

- IV қауіптілік сыныбының қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға байланысты объектілердің жобалық құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары;

- I-V қауіптілік сыныбының бекітілген нормативтері және оларды орналастыруға арналған лимиттер;

- қауіпті қалдықтарға ресімделген паспорттар;

- құзыреті шегінде қалдықтарды орналастыру объектілерін құруға берілген рұқсаттар, мемлекеттік экологиялық қадағалау нәтижелері және т. б.» [36].

Бұл ретте Ресей мемлекетінің аталған саладағы қадағалау қызметі біздің еліміздің қадағалау қызметінен ерекшеленбейді деп айтуға болады. Алайда бұл елдің қадағалау қызметі арнайы бекітілген әдістемелік нұсқаулыққа, тіпті арнайы заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылатынын айта кеткен жөн.

«Бұдан басқа, Ресей Федерациясының «Гиена және эпидемиология орталығы» қалдықтарды орналастыру объектілері туралы мәліметтер, сонымен қатар, қалдықтармен жұмыс істеу кезінде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнаманы бұзу туралы мәліметтер ұсынады» [36].

Өз құзыреті шеңберінде Ветеринариялық және фитосанитариялық қадағалау жөніндегі федералды қызмет және оның аумақтық органдары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мен елді мекендер жерінде өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу ережелерін бұзу нәтижесінде жердің бүлінуіне жол бермеу жөніндегі талаптарды орындалуы туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, Федералды кеден қызметі және оның органдары радиоактивті және басқа қалдықтардың, оның ішінде қара және түсті металдардың сынықтарының трансшекаралық қозғалысы, контрабанда туралы ақпараттарды ұсынып отырады.

Қалдықтарды басқару саласындағы аймақтық бағдарламалар және олардың орындалысы туралы, өндіріс және тұтыну қалдықтарының айналысы мақсаттары үшін жер учаскелерін беру туралы ақпаратты мемлекеттік билік органдары прокуратура органдарына тұрақты түрде ұсынып отырады.

Полиция органдары сәйкесінше ҚТҚ және өзге де қалдықтарды орналастыру, сақтау және көму кезіндегі құқық бұзушылықтар туралы ақпарат береді.

Бұл ретте, Ресей мемлекетінің полиция органдарының құзыретіне қалдықтарды орналастыру, сақтау және көму кезіндегі бұзушылықтар бойынша істерді қарау жатады. Өз кезегінде біздің еліміздің құқық қорғау органдары тек ортақ пайдаланытын орындарда коммуналдық және құрылыс қалдықтарынтастау дерегі бойынша әкімшілік істерді қарайтынын ескерсек, біздің заңнаманың қалдықтармен тиімді күресті жүзеге асыру мүмкіндігінің шектеулі екендігін көруге болады.

«Осы салада қадағалауды жүзеге асыруда Ресей мемлекетінің прокурорлары аналитикалық жұмыс жүргізеді және олар келесілерден ұрады:

- өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы заңнаманы бұзу туралы алынған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын, қойылған міндеттерді шешу үшін оның жеткіліктілігін, бірлесіп жеткізілуін және жүйелілігін бағалау;
- тексеруге жататын субъектілер тобын айқындау;
- қадағалау органдары мен ұйымдарында прокурордың анықтауына жататын мәселелердің тізбесін жасау» [36].

«Өндіріс және тұтыну қалдықтары саласындағы заңнаманы бұзу туралы ақпаратты алған кезде прокурор тексеру жүргізу туралы немесе заңнаманы бұзу туралы ақпаратты уәкілетті органдарға жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін» [36].

Прокуратура органдарының бұл құзыреті біздің елдің заңнамасында да қарастырылған, яғни прокуратура органдары тексеру жүргізуді осы саладағы мемлекеттік органға жүктей алады.

Еліміздің прокурорлық қадағалауынан ерекшелігінің бірі ретінде Ресей мемлекетінде тексерулер бір сұрақ бойынша мемлекеттік органның бірнеше құрылымдық бөлімшелерінде, өзге де уәкілетті органдарында, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында жүргізілуі мүмкіндігін айтуға болады. «Мысалы, аумақтық органдардың қалдықтарды орналастыруға рұқсат беру кезіндегі бұзушылықтар туралы хабарламалар аталған органда, сондай-ақ қалдықтар полигондары үшін жер учаскелерін бөлуді жүзеге асыратын жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тексеру жүргізу үшін негіз бола алады» [36].

Бұл ретте біздің елдің тәжірибесінде жергілікті Экология департаменттері экологиялық рұқсат құжаттарын беру кезінде заңбұзушылықтарға жол берсе, осы бұзушылықты жою жөнінде ғана прокурорлық акт енгізу кеңінен таралған.

Ресей мемлекетінен басқа дәстүрлі роман-германдық құқықтық жүйеге жататын елдердің тәжірибесіне талдау жүргізетін болсақ, Германияда құқық қорғау органдары мен экологиялық қызмет саласындағы органдардың сәтті өзара әрекеттесуінің жарқын мысалдарының бірін байқауға болады. Елде қалдықтармен жұмысты жасау барысында экология саласында қойылатын талаптардың сақталуын бақылаудың күрделі жүйесі бар. Осы жүйе шеңберінде құқық қорғау органдары экологиялық қызмет саласындағы органдармен

белсенді ынтымақтастықта қызмет атқарады, кәсіпорындарға рейдтер жүргізеді, олардың қызметінің заңнама талаптарына сәйкестігін тексереді. Бұзушылықтар анықталған жағдайда құқық бұзушылар жауапқа тартылады, ал кәсіпорындарға айыппұл салынуы немесе қызметке тыйым салынуы мүмкін.

Сонымен қатар, Швеция елін мысал ретінде келтіруге болады. Бұл елде құқық қорғау органдары экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қоғаммен белсенді қарым-қатынас жасайды. Елде полициямен және басқа да құқық қорғау органдарымен ынтымақтасатын арнайы экологиялық ұйымдар жұмыс жасайды. Олар оқу бағдарламаларын жүргізеді, қоғамды экологиялық ережелер мен ережелерді сақтаудың маңыздылығы және бұзушылықтардың ықтимал салдары туралы хабардар етеді. Мұндай қоғамдық бақылау азаматтар мен компаниялардың қоршаған ортаға қатысты жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Еуропалық Одақ елдері де тұтыну және өндірістік қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологияға келтіретін залалдардың көлемін барынша азайтуды қамтамасыз ету бойынша көптеген шаралар қабылдауда. ЕО-ға мүше елдерде құқық қорғау органдарымен ынтымақтасатын және экологиялық нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыратын арнайы экологиялық агенттіктер жұмыс істейді. Осы ынтымақтастықтың бірлескен қызметтері негізінде құқық бұзушылар жауапқа тартылады, оларға айыппұл салынуы немесе лицензиядан айырылуы мүмкін.

Скандинавия елдеріне жататын Данияда экологиялық қылмыстар үшін жауапкершілік қарастырылмаған. Данияның қылмыстық кодексінде тек ауыз су қорын қорғайтын ережелер бар. Атап айтқанда, осы елдің қылмыстық кодесінің 20-тарауда «жеке қылмыстар» тарауы бар, оның 1-тармағында ауыз судың жетіспеушілігін тудыратын немесе резервуарларға, су жолдарына немесе арналарға зиянды заттарды қосу арқылы басқа адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіргені үшін жауапкершілік қарастырылған [51].

Австрия қылмыстық кодексінің ерекше бөлігінің жетінші бөлімінде «қоршаған ортаға қасақана зиян келтіру», атап айтқанда, егер ол заңды нұсқаманы немесе әкімшілік ұйғарымды бұзса, су көзін ластаса немесе оған басқаша зиян келтірсе немесе топырақты немесе ауаны ластаса, кінәлі адамның жауапкершілігін қарастырады. Себебі қасақана зиян «келтіру: көптеген адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіреді және жануарлар немесе өсімдіктер әлемінің жағдайына қауіп төндіреді. Мұндай әрекеттер үшін аталған заңнамаға сәйкес үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға немесе 360 күндік мөлшерге дейін ақшалай айыппұл салуға жазаланады.

Осы норманың екінші бөлігі құқықтық нұсқаманы немесе әкімшілік белгілеуді бұза отырып, ұзақ уақыт бойы ауыр немесе айтарлықтай көлемде су көзін ластайтын немесе оған өзге түрде зиян келтіретін не топырақты немесе ауаны ластайтын адамның жауапкершілігін көздейді, себебі:

1) ластану немесе зиян келтіру мәңгі немесе ұзақ уақыт сақталады, ластануды немесе зиян келтіруді жою мүмкін емес немесе экономикалық тұрғыдан мүмкін емес» болып көрінеді;

2) ластануды немесе зиян келтіру салдарын жою үшін 500 000 австриялық шиллингтен асатын мөлшерде ақшалай қаражат қажет деп саналады.

«Австрияның қылмыстық заңнамасы табиғи ортаның ластануы үшін жауапкершілікті тәуелсіз нормалардағы кінә нысандары бойынша ажыратады.

Алайда, абайсызда жасалған әрекеттер үшін де белгілі бір жауапкершілік қарастырады» [52].

Польшаның Қылмыстық кодексінің ерекше бөлімде «қоршаған ортаға қарсы қылмыстар» атты тарау қарастырылған, онда 182-бап бойынша, судың, ауаның немесе жердің иондаушы сәулеленуі бар затпен ластануы үшін жауапкершілік көзделеді, бұл айтарлықтай мөлшерде көптеген адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіруі немесе жануарлар дүниесі мен өсімдіктердің жойылуына әкелуі мүмкін деп саналады. Бұл норма, Германия мен Австрияның қылмыстық кодексінің ұқсас нормалары сияқты, қауіп-қатер принципі бойынша жасалған. Сондай-ақ, ұтымды тұсы ретінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесін едәуір мөлшерде жою бойынша жауапкершілікті көздейтін норманың болуын атап өтуге болады» [53].

«Болгария Республикасының ҚК-нің 352-бабының 1-тармағы егер кімде-кім ағынды суларды, бассейндерді, жер асты суларын, аумақтық немесе ішкі теңіз суларын, топырақ пен ауаны ластаса немесе ластауға жол берсе және бұл адамдарға, жануарлар мен өсімдіктерге қауіп төндірсе немесе оларды мәдени-тұрмыстық, сауықтыру орындарында пайдалануға жарамсыз етсе жауапкершілік көздейді. Осы заңның 352-бабы ауыл шаруашылығы және басқа да ұлттық шаруашылық мақсаттарында аумақтық немесе ішкі теңіз суларының мұнай өнімдерімен ластануына тыйым салынады. Кеме капитанының су көздеріне келтірілген зиянды және ластаушы заттардың шығарындылары туралы хабарламағаны үшін жауапкершілікті көздейді [54].

Бельгияның Қылмыстық кодексінде су объектілерін қорғауға арналған бір ғана тарау қарастрылған. Атап айтқанда, осы заңның 3- тарауында «Жануарларды жою туралы» 5-бөлімінің 539-бабына сәйкес, «өзенге, каналға, ағынға, тоғанға, тірі балық торына немесе резервуарға балықты жоюға қабілетті және осы мақсатта тасталған заттарды тастаған тұлға белгілі бір жауапкершілікке тартылады. Бұл әрекет үшін кінәлі тұлға сегіз күннен үш айға дейін бас бостандығынан айыруға немесе жиырма алты франктан үш жүз франкке» дейін айыппұл салуға жазаланады» [55].

«Латвия Республикасының қылмыстық заңы табиғи ортаның құрамдас бөліктерін ластағаны үшін бір жыл ішінде осындай әрекеттер қайталанған жағдайда ғана қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігін көздейді (ҚК 101-103-баптары)» [56].

Бұрынғы ТМД елдерінің қылмыстық заңнамасында табиғи ортаның ластануы үшін жауапкершілікті көздейтін нормалар да бар.

«Өзбекстанның Қылмыстық кодексі ластанумен байланысты әрекеттерге тыйым салынған табиғи ортаның барлық компоненттерін бір тарауға, яғни «қоршаған ортаның ластануы» тарауына біріктіреді. Аталған бұзушылықтардың міндетті салдары ретінде: адамдардың жаппай ауруы, жануарлардың, құстардың немесе балықтардың өлімі немесе басқа да ауыр зардаптар орын алуы көрсетілген» [57].

Бұл ретте айта кететіні бұрынғы ТМД елдерінің қылмыстық-құқықтық нормаларының қалыптасуына модельдік қылмыстық кодекс нормалары әсер етті, яғни олардың мазмұнының ұқсастығын аңғаруға болады.

Мысалы, Грузияның Қылмыстық кодексінде судың, атмосфераның және теңіз ортасының ластануы үшін жауапкершілікті көздейтін 292, 293, 295-баптар бар. Ұқсас нормалар Әзербайжан және Арменияның елдерінің қылмыстық заңнамаларында да қарастырылады.

Дәстүрлі түрде англо-саксондық құқықтық жүйеге жататын мемлекеттерде Америка Құрама Штаттарының (бұған әрі-АҚШ) табиғатты ластанудан қорғау саласындағы заңнамасы барынша дамыған. АҚШ-та қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік қоршаған ортаның осы саласын реттейтін бірқатар заңдарда қарастырылған. Бұл, ең алдымен, 1977 және 1987 жылдарда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 1972 жылғы «Су тазалығы туралы Заң. Бұл Заң суларды «ластанудан қорғауға және сол арқылы олардың тиісті сапасын қамтамасыз етуге бағытталған жалпы сипаттағы негізгі Заң болып табылады. Сонымен қатар, мұндай қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік бірқатар арнайы заңдарда белгіленген, мысалы: «Мұхитқа материалдар мен заттарды шығаруға тыйым салу туралы» 1972 жылғы заң, «Теңіз кемелерімен судың ластануын болдырмау туралы» және «Ауыз судың қауіпсіздігі туралы»» 1988 жылғы заңдар. Сонымен қатар, 1899 жылы қабылданған «Қоқыс және қалдықтар туралы» заңдарында көзделген [58].

«Бірнеше елдің бір жүйеге жататынына қарамастан, қылмыстық кодексте экологиялық қылмыстар үшін жауапкершілікті көздейтін нормалар мүлдем жоқ мемлекеттер бар. Оларға, мысалы, Австралия, бұл мемлекетте табиғатқа қол сұғушылық үшін тіпті жанама жауапкершілікті қарастырмайды» [59]. .

Финляндияда қалдықтарды басқару заңнамамен қатаң реттеледі және қалдықтарды басқарумен айналысатын адамдардың жауапкершілік деңгейі өте жоғары. Финляндиядағы қалдықтарды басқаруға қатысты компаниялар мен кәсіпкерлердің міндеттеріне өздері өндіретін қалдықтарын жинауға, өңдеуге және жоюға жауапты. Олар қалдықтардың дұрыс жіктелуін және белгіленуін, сондай-ақ оларды дұрыс кәдеге жаратуды немесе өндеуді қамтамасыз етуі керек.

Біздің еліміздің әкімдіктеріне теңестірілген атқарушы билік органдары, қалдықтарды жоюды қамтамасыз етуге және тұрғындарға қалдықтарды жинау және қайта өңдеу қызметтерін ұсынуға міндетті.

Финляндияда «өндірушінің кеңейтілген жауапкершілігі» принципі қолданылады, оған сәйкес тауар өндірушілер мен импорттаушылар қалдықтарды өңдеуге, соның ішінде оларды кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және қайта өңдеуге жауап береді. Қалдықтармен жұмыс істеу туралы заңнаманы бұзғаны үшін тұлғаларға қатысты айыппұлдар, әкімшілік тыйымдар және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Бұл шаралар қалдықтармен жұмыс істеудің тиімді жүйесін құру, ресурстарды тұрақты пайдалануды ынталандыру және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алады.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген кейбір шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының қалдықтарды басқару саласындағы қызметін зерделеу мүмкін емес, себебі зерттелген мемлекеттердің басым көпшілігінде қалдықтар басқару кезінде туындайтын жауапкершілік түрлері жеке дара көзделмеген, бұл мемлекеттерде жалпы атмосфералық ауаны ластау, су көздерін ластау сияқты негізгі құқық бұзушылықтар қарастырылған. Сәйкесінше аталған табиғат көздерін кез келген түрде ластау белгілі бір жауапкершілікке алып келеді деген қорытындыға келеміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан қалдықтарды жинақтау және тұрақты органикалық ластауыштар бойынша көш басында тұр, мысалы тұрмыстық қалдықтардың жылдық көлемі 4,5 млн тоннаны құрайды. Жергілікті атқарушы органдар қалдықтарды жинауды тиімді ұйымдастырмайды, салдарынан тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеудің 24% құрап отыр. Кәдеге жаратудың да, сонымен қатар қайта өңдеудің жай-күйі қанағаттанарлық емес.

2023 жылдың 1 шілдесінен бастап экологиялық талаптарды ескере отырып әзірленген қалдықтарды басқару саласындағы жаңа стандарттар күшіне енді. Стандарттар қоршаған ортаға және адам денсаулығына теріс әсерді азайту үшін қалдықтарды тиімді және қауіпсіз өңдеуге бағытталған.

Қалдықтардың лимиттері қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ете отырып, оларды жинақтау мен көмудің әрбір орны үшін белгіленеді. Қалдықтардың лимиттерін қайта қарау 10 жылда кемінде 1 рет жүргізіледі, алайда бұл жағдайда технологиялық өзгерістер ескерілмейтіндігін көруге болады.

Қоршаған ортаны сақтау және оны қорғауды қамтамасыз ету, сондай - ақ өсіп келе жатқан экономикалық белсенділік пен жаһандық климаттың өзгеруі жағдайында экологиялық салдарды жою экологиялық қауіпсіздікті және табиғатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудің стратегиялық мақсаттары болып табылады.

Осы саланы зерттеу барысында еліміздегі негізгі кемшіліктердің бірі ретінде тұрмыстық және өндірістік қалдықтармен жұмыс жасауды реттейтін және еліміздің әр өңірінде біркелкі қолданылатын бірыңғай заңнаманың болмауын атап өтуге болады. Бірыңғай заңнаманың болмауы бұл мәселені шешуді күрделендіреді. Бұл ретте Өзбекстан елінің қалдықтар туралы және Ресей мемлекетінің өндіріс және тұтыну қалдықтары[57] туралы арнайы мемлекетпен белгілеген және міндетті заңды күші бар нормативтік актінің болуы жеке және заңды тұлғалар үшін нақты айқындалған құқықтар мен міндеттерді белгілейді. Қалдықтарды өңдеу, оларды қайта өңдеу, кәдеге жарату ережелерін, сондай-ақ осы саладағы экологиялық нормаларды бұзғаны үшін жазаларды анықтайтын заңнамалық базаның болуы маңызды. Арнайы заң болмаған жағдайда келесі мәселелер туындауы мүмкін:

1. Құқықтық реттеудегі бірізділіктің болмауы: мамандандырылған заңнама болмаған жағдайда, қалдықтарды басқаруға қатысты нормалар мен ережелер жүйесі шашыраңқы және қарама-қайшы болуы мүмкін, бұл оларды тиімді реттеуді қиындатады.

2. Бұзушылықтар үшін бақылау мен жазаның жеткіліксіздігі: қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы бұзушылықтар үшін нақты нормалар мен жазалардың болмауы экологиялық стандарттарды елемеге әкелуі мүмкін.

3. Заңнамалық базаның болмауы белгісіздік тудыруы және инвесторлардың тұтыну және өндіріс шаруашылығынан шыққан қалдықтарды

қайта өңдеп, кәдеге жарату жобаларына деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін.

4. Мониторинг және бақылау тетіктерінің жетілмегендігі: нақты нормалар мен ережелердің болмауы қалдықтармен жұмыс істеуді бақылау және қадағалау тетіктерін әлсіретеді.

Демек, қалдықтар туралы арнайы заңның дамуы қалдықтарды басқаруды едәуір жақсарты алады, оларды тиімді өңдеуге және жоюға ықпал етеді және экологиялық талаптарды бұзғаны үшін бірыңғай жазаны қамтамасыз етеді.

Қоғамның және мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау мен сақтаудағы маңызды қажеттіліктерін ескере отырып, экологиялық заңнаманың орындалуын қадағалау құқық қорғау қызметінің басым бағыттарына жатады.

Еліміздегі тұтыну және өндіріс қалдықтары мәселелеріне қатысты зерттеу жүргізу қорытындысымен осы саладағы атқарылып жатқан жұмыстардың жеткіліксіз және тиімсіз екенін көруге болады.

Осы бағыттағы құқық қорғау органдарының алдында тұрған міндеттерді орындау мақсатында Қазақстанда экологиялық бұзушылықтарды алдын алу, оларды анықтау және олар бойынша шаралар қолдану үшін арнайы құқық қорғау органдары, олардың ішінде табиғат қорғау полициясы, табиғат қорғау прокуратуралары сияқты бірегей органдар құрылды.

Әдетте, экологиялық құқық бұзушылықтар санатына жататын қалдықтармен ластау әрекеті бір уақытта көптеген адамдардың және елді мекендердің құқықтарына әсер етеді. Бұл ретте адамдар мен азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына жол беріледі.

Қазіргі таңда қалдықтардың санитарлық талаптардың сақталмауы салдарынан орын алатын авариялық жағдайлар, олардың нәтижесінде туындайтын экологиялық зиянның әсері құқық қорғау органдарының қадағалау қызметін барынша жетілдіруді талап етеді.

Экологиялық саладағы құқықтық заңнамалардың ауқымдылығы, осы салада туындайтын қоғамдық қатынастардың күрделілігі мен әртүрлілігі құқық қорғау органдарының заңдарды терең білуді ғана емес, сонымен бірге қабылданған құқықтық шешімдер үшін жауапкершілікті сезінуді, олардың салдарын болжай білуді талап етеді.

Қазақстан Республикасында қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы құқық бұзушылықтар қолданыстағы заңнамаға сәйкес келесідей жіктеледі:

1. Қалдықтарды заңсыз өңдеу: бұл қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамаға сәйкес келмеген кезде қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау, кәдеге жарату және көму саласындағы бұзушылықтарды қамтиды.

2. Қалдықтарды заңсыз қайта өңдеу: тиісті рұқсаттар мен лицензияларсыз қалдықтарды заңсыз қайта өңдеуге байланысты бұзушылықтарды қамтиды.

3. Қалдықтарды заңсыз көму: бұл топырақ пен су объектілерінің ластануына әкелетін қалдықтарды заңсыз көмуді қамтиды.

4. Қалдықтарды экспорттау және импорттау кезіндегі бұзушылықтар: қалдықтарды шекара арқылы қажетті құжаттарсыз және экологиялық талаптарды сақтамай заңсыз тасымалдау мен жөнелтуді қамтиды.

Бұл құқық бұзушылықтардың әрқайсысы айыппұлдарды, мүлікті тәркілеуді, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартуды және т.б. қоса алғанда, заңнамаға сәйкес әртүрлі әкімшілік және қылмыстық жазаларға әкеп соғуы мүмкін.

Қалдықтар саласындағы құқық бұзушылықтарды дер кезінде анықтау, олар бойынша ықпал ету шараларын қабылдау, осы тектес құқық бұзушылықтарды алдын алу міндеті еліміздің құқық қорғау органдарына жүктелген.

Бұл ретте полиция органдарының қалдықтарды басқару саласындағы рөлінің маңыздылығына қарамастан, олардың қызметінде кемшіліктер жоқ емес. Полиция қызметіндегі негізгі кемшілік ретінде сараптаманың жеткіліксіздігін айтуға болады. Көбінесе полиция қызметкерлері қалдықтармен жұмыс істеудің күрделі техникалық және экологиялық аспектілерін түсінуде қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл олардың осы саладағы құқық бұзушылықтармен тиімді күресу қабілетін қиындатады.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін жақсартуға бағытталған бірқатар шараларды қабылдау жолымен оңтайландырылуы мүмкін. Осы бағытта қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы бұзушылықтарды неғұрлым тиімді анықтау, тергеу және жолын кесу үшін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлығын күшейту қажет деп есептеймін. Сонымен қатар, ведомстволармен ынтымақтастықты кеңейту, оның ішінде ақпарат алмасу, жедел іс-шараларды оңтайландыру және бірлескен рейдтер мен тексерулер жүргізу үшін құқық қорғау органдары мен мамандандырылған экология саласындағы мемлекеттік мекеме арасындағы үйлестіру жұмыстарын жетілдіру; заманауи технологияларды енгізу: құқық қорғау органдарын қалдықтармен жұмыс істеуді тиімдірек бақылауға мүмкіндік беретін заманауи техникалық құралдармен жабдықтау маңызды, мысалы, бақылау, нөмірді тану жүйелері, сондай-ақ деректерді талдауға арналған арнайы бағдарламалар.

Бұл шаралар Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдарының қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы жұмысын оңтайландыруға және олардың экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы тиімділігін арттыруға көмектесе алады.

Жалпы еліміздегі негізгі проблемалардың бірі болып отырған заңсыз қалдықтар үйінділерін алдын алу мемлекеттік, қоғамдық және жеке күш-жігерді қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді. Осы мақсатта қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу және кәдеге жаратудың тиімді жүйесін құру қажет. Бұған қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу және қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлерге қол

жетімділікті қамтамасыз ету кіреді.

Сонымен қатар, білім беру және қоғамды ақпараттандыру, қоқыс үйінділері мәселесіне қатысты азаматтардың экологиялық сауаттылығы мен хабардарлығын арттыруға бағытталған ақпараттық кампаниялар мен оқыту іс-шараларын жүргізу маңызды.

Қалдықтарды өңдеу үшін орындарды құру, оның ішінде қалдықтарды сұрыптауға және жинауға арналған контейнерлер жүйесін құру, сондай-ақ қоғамдық орындарда қалдықтардың белгілі бір түрлерін (мысалы, пластикалық бөтелкелер, шыны, металл және т.б.) қабылдау пункттерін ұйымдастыру да қалдықтар көлемін азайтуға негіз бола алады.

Бұдан бөлек, айыппұлдар мен жазалар жүйесін қатаңдату, осы саладағы бұзушылықтар үшін жауапкершілікті арттыру үшін қоқыс үйінділерін заңсыз құруға қатысатын адамдарды анықтау бойынша нәтижелі іс-шаралар жүйесін қалыптастыру қажет. Қоқыс үйінділерінің пайда болуын болдырмау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру үшін мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және бизнес-сектор арасында әріптестік құру қажет.

Бұл шаралар қалдықтарды басқару жүйесін жақсартуға және қоқыс үйінділерін пайда болуын азайтуға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №400-VI Экология кодексі. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>». (қол жеткізілген күні: 15.09.2023).

2. Акиматы должны ликвидировать все незаконные свалки. [Электрондық ресурс] - [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://www.international-climate-initiative.com/en/topics/sustainable-consumption-and-production/> (қол жеткізілген күні: 12.02.2024).

3. Смаилов поручил акимам решить проблему со стихийными свалками в Казахстане до лета. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://www.nur.kz/politics/kazakhstan/2001816-smailov-poruchil-akimam-reshit-problemu-so-stihiynymi-svalkami-v-kazahstane-do-leta/> (қол жеткізілген күні: 23.01.2024).

4. Пути совершенствования системы природоохранного правоприменения в Казахстан. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://www.oecd.org/env/outreach/44092434.pdf> (қол жеткізілген күні: 23.01.2024).

5. Ө.С. Сейітовтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі заң ғылымның дамуы: теория және практика» атты VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы бойынша «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын құқықтық реттеудің жай-күйі». IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: https://academy-gp.kz/wp.-1_compressed_compressed.pdf (қол жеткізілген күні: 09.10.2023).

6. Б.Т. Ахметов, Тенденции развития правового регулирования в области обращения с отходами потребления / Б. Т. Ахметов // Алматы энергетика және байланыс университетінің хабаршысы.. – 2020. – № 1(48).138–151б.

7. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 750 Қаулысы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000413> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

8. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021934> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

9. Қалдықтар сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6

тамыздағы № 314 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023903> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

10. Әртүрлі сыныптағы полигондарда көму үшін қалдықтар түрлерінің тізбесін бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 361 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024280> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

11. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024212> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

12. Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024382> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

13. «Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 63 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022317> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

14. Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 373 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024430> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

15. Казахстан оказался в числе аутсайдеров в рейтинге стран по переработке мусора. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://turantimes.kz/ekonomika/42676-kazahstan-okazalsja-v-chisle-autsajderov-rejtinge-stran-po-pererabotke-musora.html> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

16. Даурен Жумабаев, Айдын Бақдолотов, Рокко Де Мильо, Владимир Литвак, Асель Байбакишева, Ербол Сарбасов, Канат Байгарин. Путь Казахстана к нулевым выбросам парниковых газов / – Нур-Султан: 2022. 102 б.

17. Э.Н. Жевлаков. Экологические преступления и экологическая преступность, -М., 1996. -30б.

18. Э.Н.Жевлаков, Н. Сулова. Экологическая преступность в Российской Федерации в 1990–2000 гг. /Уголовное право. 2000.№3. -67б.

19. В.В. Петров. Экологическое право России, - М., 1995. 298 б.

20. Н.Л. Романова. з.ғ.к. дисс. Понятие и система экологических преступлений, Иркутск, 2001.-113 б.

21. З.А.Умирбаева. з.ғ.д. дис. Уголовно-правовые проблемы борьбы с экологическими преступлениями: автореферат12.00.08 / [қорғау орны: Бішкек, 2012. - 51 б.

22. Д.Л. Байдельдинов. Юридическая ответственность за экологические правонарушения: Оқу-әдістемелік құрал, - Алматы: Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 1993. - 66 б.

23. Д.Л.Байдельдинов, С.Д. Бекишева. Экологическое право Республики Казахстан: оқу құралы-Алматы: «Интерлигал» баспа орталығы, 2004. -175–176 б. Қараганды.

24. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы «Қауіпті қалдықтар паспортының нысанын бекіту туралы» №335 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024386>_(қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

25. «Тұрмыстық қатты қалдықтардың морфологиялық құрамын айқындау әдістемесі», Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 10 ақпандағы № 4 бұйрығымен бекітілген. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31255570#activate_doc=2_(қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

26. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577>_(қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

27. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңы». [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000242>_(қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

28. «Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ-ның негізі Конвенциясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2260 Жарлығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002260>_(қол жеткізілген күні: 15.02.2024).

29. Nikulichev, J. 2017. Waste management. Experience of the European Union. online]. Available at: [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002260> http://inion.ru/site/assets/files/1109/nikulichev_upravlenie_otkhodami.pdf._(қол жеткізілген күні: 16.02.2024).

30. The management of solid municipal waste: domestic and foreign experience. L.A. Mochalova, D.A. GRINENKO, V.V. YURAK, News of the Ural State Mining University. 2017, 3, 47.

31. Kaza, S. et al. 2018. What a waste 2.0. A Global Snapshot of Solid Waste Management to 2050. [online]. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://openknowledge.worldbank.org/>._(қол жеткізілген күні: 18.02.2024).

32. What a waste. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://www.who.int/ru/news/item/22-10-2015-new-report-identifies-four-ways-to-reduce-health-risks-from-climate-pollutants>_(қол жеткізілген күні: 25.02.2024).

33. Fazzo, Lucia, et al. 2017. Hazardous waste and health impact: a systematic review of the scientific literature. Environmental Health. 2017, 16(1), 1 – 11.

34. Ecological situation in the Republic of Kazakhstan. Ecology and health of the nation. N.K. Omarova, 2020.

35. Forbes. 2019. Kazakhstan will incinerate waste and receive electricity from it. [online]. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://forbes.kz/process/ecobusiness/kazakhstan-budet-sjigat-othodyi-i-poluchat-iz-nih-elektroenergiyu/>_(қол жеткізілген күні: 28.02.2024).

36. Прокурорский надзор за исполнением экологического законодательства. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: [file:///C:/Users/User/Downloads/%D0%BF%D0%BE%D1%81%D0%BE%D0%B1%D0%B8%D0%B5%20%D0%BF%D0%BE%20%D1%8D%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%B8%20%D0%B8%D0%B7%20%D1%82%D0%B8%D0%BF%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84%D0%B8%D0%B8%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/User/Downloads/%D0%BF%D0%BE%D1%81%D0%BE%D0%B1%D0%B8%D0%B5%20%D0%BF%D0%BE%20%D1%8D%D0%BA%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%B8%20%D0%B8%D0%B7%20%D1%82%D0%B8%D0%BF%D0%BE%D0%B3%D1%80%D0%B0%D1%84%D0%B8%D0%B8%20(1).pdf)_. (қол жеткізілген күні: 26.02.2024).

37. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған) [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>_(қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

38. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII Конституциялық заңы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155>_(қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

39. За последние три года в результате проведенной совместной работы с правоохранительными органами и акиматами наблюдается тенденция снижения количества несанкционированных свалок. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/cerc/press/news/details/719308?lang=ru>_(қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

40. Результаты космического мониторинга отслеживаются соответствующими службами через геосервис, где указываются места складирования отходов. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/news/10?lang=ru>_(қол жеткізілген күні: 28.02.2024).

41. Проверка ТОО «КАЗФЕРРОСТАЛЬ» [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://www.inalmaty.kz/news/3478130/too-kazferrostal-vyplatilo-million-tenge-za-nezakonnoe-zahoronenie-othodov-v-almaty>. [41].

42. Мусорные горы: сразу 25 новых стихийных свалок выявили экологи в Петропавловске. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://ru.sputnik.kz/20230522/musornye-gory-srazu-25-novykh-stikhiynykh-svalok>

vyavili-ekologi-v-petropavlovske-35166823.html (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

43. «Қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығы ескеріле отырып, міндетті бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы №482 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100025595> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

44. Прокурорлық қадағалаудың жан-жақтылығын қамтамасыз ету мақсатында «Прокурорлық қадағалауды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №32 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300031753> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

45. Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026866> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

46. Наблюдается тенденция снижения количестванесанкционированных свалок. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/press/news/details/719149?lang=ru> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

47. ҚР Ішкі істер органдары туралы» Заңы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

48. Табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1096 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500013046> (қол жеткізілген күні: 10.02.2024).

49. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V кодексі. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>» (қол жеткізілген күні: 18.02.2024).

50. «Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы желтоқсандағы №508 бұйрығы. [Электрондық ресурс] - Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100026341> (қол жеткізілген күні: 18.02.2024).

51. С.С. Беляева, А.Н. Рычевой. Уголовный кодекс Дании / пер. с дат.и англ.: Юридический центр Пресс, 2001.
52. Вихровой Л.С. Уголовный кодекс Австрии: Юридический центр Пресс, 2004.
53. Д.А. Барилевич. Уголовный кодекс Республики Польша: Юридический центр Пресс, 2001.
54. И. Лукашова, Д.В. Милушева. Уголовный кодекс Республики БолгарияА. Юридический центр Пресс, 2001.
55. Г.И. Мачковского. Уголовный кодекс Бельгии.-Юридический центр Пресс, 2004.
56. А.И. Лукашова. Уголовный кодекс Латвийской Республики: Юридический центр Пресс, 2001.
57. Уголовный кодекс Республики Узбекистан. 15 шілде 2001 года. Юридический центр Пресс, 2001.
58. Брославский Л.И. Уголовная ответственность за экологические преступления в области охраны вод в США // Журнал российского права. 2008. № 3. С. 124.
59. Е.Н. Трикоз. Уголовный кодекс Австралии. Юридический центр Пресс, 2002.